



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 19-20 (8049) 8 мамыр, Жұма 2026 жыл

[@ aktogai_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)



Құрметті Ұлы Отан соғысының тыл еңбеккерлері! Ардақты ақтоғайлықтар!

Сіздерді 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен баһадүрліктің ұлықталатын қасиетті мерекесі. Ұлы Жеңіс – қан майданда жанын қиған боздақтардың, тылда күн-түн демей еңбек еткен аға буынның өлшеусіз ерлігі мен қажырлы еңбегінің жемісі.

Бүгінгі бейбіт өмір мен тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы – сол бір сұрапыл жылдары Отан үшін от кешкен батырлардың аманаты. Сондықтан ардагерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды, олардың есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, батыр бабаларымыздың жанқиярлық ерлігі – жас ұрпаққа үлгі болатын тағылымды тарих. Ел қорғаған

ерлердің рухына тағзым ету – баршамыздың азаматтық парызымыз.

Ақтоғай өңірінен майданға аттанған азаматтардың қайсарлығы мен тыл еңбеккерлерінің табанды еңбегі – бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Біз ардагерлерімізге әрдайым құрмет көрсетіп, олардың өнегелі жолын кейінгі буынға насихаттай береміз. Қадірлі жерлестер!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз. Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық орнап, көк аспанымыз ашық болсын! Ұлы Жеңіс мерекесі құтты болсын!

**Ізгі тілекпен,
Ақтоғай ауданының әкімі
А. Аманжолов.
Ақтоғай аудандық
Мәслихатының төрағасы
Р. Әбеуов.**

Құрметті Ақтоғай ауданының тұрғындары! Ардақты Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – ел тыныштығы мен мемлекет қауіпсіздігін қорғауды қасиетті парыз санайтын айбынды азаматтарға көрсетілер ерекше құрмет күні. Туған жердің тұтастығы мен елдің бейбіт өмірін сақтау жолында қызмет етіп жүрген сарбаздар мен офицерлердің, ардагерлердің еңбегі қашанда зор мақтанышқа лайық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығы – Тәуелсіздігіміздің басты тірегі. Бүгінде Қазақстан Қарулы Күштері – халқымыздың қорғаны, мемлекетіміздің айбыны.

Ақтоғай өңірінде де елдік пен ерлікті ту еткен азаматтар аз емес. Әскер қатарында абыройлы қызмет атқарып жүрген сарбаздарымызға, құқық қорғау органдары мен төтенше жағдай саласының қызметкерлеріне, ел тыныштығын күзетіп жүрген барша азаматтарға алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз! Әр шаңырақта тыныштық пен береке орнап, көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

**Ізгі тілекпен,
Ақтоғай ауданының әкімі А. Аманжолов.
Ақтоғай аудандық Мәслихатының төрағасы Р. Әбеуов.**

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!»

ЖЕҢІС! Бұл сөзде қуаныш та, жұбаныш та, қайғы-мұң да бар. Ер азаматтың ерлігі мен мақтанышы бар.

Ұлы Отан соғысының екі елеулі датасы бар. Олар 1941 жылдың 22-ші маусымына қараған түнгі 4:00 де фашистік Германия КСРО аумағына тұтқиылдан шабуыл жасаған күн мен 1945 жылдың 9-шы мамыры Ұлы Жеңіс күні. Бұл екі күн егіз, оларды айыруға болмайды. Сондай-ақ, олардың арасында 1418 қатерлі күндер мен түндер жатыр.

Біз Ұлы Отан соғысында опат болған майдангерлердің, фашизмді жеңіп, адамзатқа бейбіт өмір сыйлаған, ұрпағының болашағы үшін қасық қаны қалғанша жаумен соғысқан, тылда еңбек еткен ерлер мен арулардың ұрпағымыз.

Олардың РУХЫ мен ЕРЛІГІНЕ тағзым ету біздің парызымыз!

Ақтоғай – Ұлы Отан соғысы жылдарында Аудан бойынша ҰОС-на қатысқа 2033 адам болса, осыдан майдан даласында қаза тапқандар мен хабар-ошарсыз кеткендер 1200 жауынгер. Соғыстан кейін елге оралып, қайтыс болған – 833 майдангер. Сұрапыл соғыс жылдарында тылда еңбек еткен 2800 адам болса, бүгінгі күнге жеткен аудан бойынша не бары 29 тыл еңбеккері.

Күндер озып, жылдар жылжып өтсе де қолдарына қару алып Отанын қорғаған майдангерлер өмірден озғанымен, олар келешек ұрпаққа үлгі ретінде мәңгі сақталады.

ҰОС-да 200 денастам Ақтоғайлық майдангерлер ордендермен марапатталған болса, жер мен көкте ойран сап, дұшпанның сағын сындырған, жерлестеріміз Нүркен Әбдіров пен Қазыбек Нұржанов Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Тажалтоқтап, ажалбеті қайтқанға да 81 жылға аяқ басты. "Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың рухтарын асқақтататын күн. Бұл күн – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн – бүгінгі ұрпақтың соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні!"

Тылдағы ерлік

Соғыс жылдарында ауданға КСРО Қорғаныс комитетінің Қызыл Туы мәңгі сақтауға беріліп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қызыл Туымен марапатталған.

Сол сұрапыл соғыс кезінде бұғанасы қатып, буыны бекімеген, бал-дәурен балалық шағын ұмытып, ерте есейіп, тойып тамақ ішпей, жарытып ұйқы көрмей, барды місе тұтып, қанатымен су сепкен қарлығаштай

ауылда қарттармен, әже, аналарымен бірдей жүріп әр салада еңбекке араласып, жеңістің таяуына өзіндік үлесін қосқан, ауыр жылдарды басынан өткеріп, бүгінде бейбіт өмірдің, тәуелсіздіктің бұйырған дәмін татып, қызығын қызықтап, Ұлы Жеңістің 81 жылдық мерекесін көру пешенесіне жазылған ауданымыздың 29 «Тыл еңбеккерлері», ардақты ардагерлеріміз, Сіздерді аудандық ардагерлер ұйымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Өмірлеріңіз қызықты да баянды, денсаулықтарыңыз мықты болып, немере-шөберілеріңіздің қызығын көріп, Алланың берген жасын жасай берулеріңізге тілектеспіз!

Аудан халқының Ұлы жеңіске қосқан үлесін ұрпағымыздың есіне салып, айтып отыру біздің ата-бабаларымыздың алдындағы борышымыз.

Ұрпағымыз тарихты біліп, Отан үшін қанын төккен тұлғаларға қарап бой түзеп өссін! «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!» Ұлы Жеңіс біздің тарихымыз! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Аспанымыз ашық, еліміздің іргесі аман болсын!

**Сәкітай Сыздықов,
Ақтоғай аудандық ардагерлер ұйымының
төрағасы.**

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ 2 **8 мамыр 2026 жыл**
Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шашубай кенті, Кежек,
Тасарал ауылдық округтерінің әкіміне үміткерлерді тіркеудің қорытындысы
туралы АҚПАРАТ (сайлау 2026 жылғы 24 мамыр)

03.05.2026 жыл сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
Кежек ауылдық округі бойынша				
1.	Ахметов Ерлан Курмашович	1974	Бас маман, «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Кульшикенов Нариман Нурланұлы	1982	Басшы, Қарағанды облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ филиалы, Ақтоғай ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі, халыққа қызмет көрсету орталығы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	«AMANAT» партиясынан ұсынылды
3.	Күмісбек Нұрбол Кәукербекұлы	2001	Бас маман, «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарамее би ауылдық округі, Ақтас ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
Тасарал ауылдық округі бойынша				
1.	Жақыпбеков Канат Есентайұлы	1986	Қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Кенжебекова Ақтолқын Кебековна	1980	Бас инспектор, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	1970	Уақытша жұмыссыз, «Кежек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округі, Ақша ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	«AMANAT» партиясынан ұсынылды
Шашубай кенті бойынша				
1.	Елеген Шыңғыс Мұратұлы	1994	Бас маман, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
2.	Мангишев Нариман Джанатович	1989	Шашубай кентінің әкімі, «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шашубай кенті әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	«AMANAT» партиясынан ұсынылды
3.	Татибеков Тимур Сейлханұлы	1988	Бас маман, «Нүркен ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі, Нүркен ауылының тұрғыны. (тіркелген күні 01.05.2026ж.)	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Аудан әкімі А.Аманжоловтың 2026 жылдың
І-жарты жылдығындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ атауы	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орыны (І-ж.ж.)	Ескерту
1	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	19.05.2026ж. Клуб үйі сағ.10-00	
2	Қусақ ауылдық округі	Қошқар елді мекені	19.05.2026ж. Клуб үйі сағ.12-00	
3	Абай ауылдық округі	Абай елді мекені	19.05.2026ж. Клуб үйі сағ.15-00	
4	Қарабұлақ ауылдық округі	Нарманбет елді мекені	20.05.2026ж. Клуб үйі сағ.11-00	
5	Сарытерек ауылдық округі	Сарытерек елді мекені	20.05.2026ж. Клуб үйі сағ.15-00	
6	Нүркен ауылдық округі	Нүркен елді мекені	21.05.2026ж. Клуб үйі сағ.11-00	
7	Қараменде би ауылдық округі	Ақтас елді мекені	21.05.2026ж. Клуб үйі сағ.16-00	
8	Шабанбай би ауылдық округі	Шабанбай би елді мекені	22.05.2026ж. Клуб үйі сағ.10-00	
9	Қызыларай ауылдық округі	Қызыларай елді мекені	22.05.2026ж. Клуб үйі сағ.12-00	
10	Жидебай ауылдық округі	Сәуле елді мекені	26.05.2026ж. Клуб үйі сағ.11-00	
11	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	26.05.2026ж. Клуб үйі сағ.15-00	
12	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	28.05.2026ж. Клуб үйі сағ.11-00	
13	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	28.05.2026ж. Клуб үйі сағ.16-00	
14	Ортадересін ауылдық округі	Ортадересін ауылы	29.05.2026ж. Клуб үйі сағ.11-00	
15	Шашубай кенті	Шашубай кенті	29.05.2026ж. Клуб үйі сағ.14-00	
16	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	02.06.2026ж. Мәдениет үйі сағ.11-00	

* Спорт

Ұлттық рух ұлықталған
дүбірлі дода

Қоғам қайраткері, ғалым, саясаткер, Алаш арысы Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған ұлттық спорт түрлерінен VIII аудандық спартакиада жоғары деңгейде өтті. Аталған жарыста аудан спортшылары ұлттық рухты асқақтатып, төл өнер мен шеберліктің озық үлгісін көрсетті.

Дүбірлі додаға ауданның әр ауыл-аймағынан келген спортшылар қатысып, ұлттық спорттың түрлі бағыттары бойынша өзара бақ сынады. Көкпар, теңге ілу, дәстүрлі садақ ату, аударыспақ және ат жарыстары көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Жарыс жеңімпаздары

Көкпар

I орын — Ақши ауылының командасы.

Теңге ілу

I орын — Рысбек Мәди.

Дәстүрлі садақ ату (қыздар арасында)

I орын — Бердібек Шынарғұл.

Дәстүрлі садақ ату (ұлдар арасында)

I орын — Сарыбаев Әбібай.

Аударыспақ

60 кг — I орын Марал Батырдан.

70 кг — I орын Ибраһим Ыбырай.

80 кг — I орын Шакаримов Нұрбол.

+80 кг — I орын Беркінбаев Нұрболат.

Тай жарысы

I орын — шабандоз Аққошқаров Санжар. Атбегі — Адамбеков Айдос.

Аттың лақап аты — «Елім ай». Елді мекені — Жарық кенті.

Құнан жарысы

I орын — шабандоз Төлеген Сырым. Атбегі — Төлеген Мадияр.

Аттың лақап аты — «Сұлу торы». Елді мекені — Шет ауданы.

Аламан бәйге

I орын — шабандоз Базарбеков Нұрсәт. Атбегі — Төлеутай Болатбек.

Аттың лақап аты — «Бай төбел». Елді мекені — Нарманбет ауылы.

Аталған спартакиада ұлттық спортты насихаттап қана қоймай, жастарды салт-дәстүрді құрметтеуге, елдік рухты дәріптеуге үндеген тағылымды шара болды. Жарыс барысында спортшылардың шеберлігі мен намысқа толы тартыстары көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Ұлттық мұраны ұлықтаған мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенім мол.

Айбын Жаманхан.

Шашубай кенті әкіміне үміткер Елеген Шыңғыс Мұратұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Елеген Шыңғыс Мұратұлы 1994 жылы 24-ші тамызда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім.

2001 жылы Ақтоғай ауылында мектеп тәмамдадым. Ж.Ақылбаев атындағы колледжін құқықтану мамандығы бойынша 2013 жылы аяқтадым. 2014-2017 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде оқыдым.

Білімім жоғары. Еңбек жолым 2016-2017 жылдары тау-кен жұмысшысы Алтыналмас кен орнында, 2017-2021 жылдары Жастар ресурстық орталығы маманы, 2021-2025 жылдары Жастар ресурстық орталығы директоры, 19.03.2025-06.05.2025 жылдары Ақтоғай ауданы әкім аппаратының құжаттама және бақылау бөлімінің бас маманы міндетін атқарушы (жұмылдыру және төтенше жағдай жөнінде). 2025 жылдары қазіргі уақытта Ақтоғай ауданы әкім аппаратының құжаттама және бақылау бөлімінің бас маманы (жұмылдыру және төтенше жағдай жөнінде).

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауылдастар!

Шашубай кенті әкімінің сайлауы болады. Еліміздің ертең қандай жолмен дамитындығы, болашағының қандай болатындығы біздің өз қолымызда. Өзін Тәуелсіз Қазақстанның шынайы патриотымын деп санайтын әрбір азамат, өз елінің қоғамдық өмірінен тыс қала алмайды. Және де ол жас айырмашылығымен шектелмейді. Дана қазақ «Асыл тастан, ақыл жастан» деп бекерден бекер айпаса керек. Олай болса ауданымыздың келешегі мені де бей-жай қалдыра алмайды. «Жас келсе іске» дейтін де біздің дана қазақ. Демек аудан өміріне араласып, жастық жалынымды, күш-жігерімді, ақыл-қайратымды сарқа жұмсау менің перзенттік парызым деп білемін.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, еліміздің кемел келешегіне өзімді елі мен жерінің тағдырына алаңдайтын шынайы па-

триот жас ұрпақтың өкілі ретінде саяси додаға түсіп, бағымды сынап көрмекпін.

Ондағы мақсатым кентіміздің экономикалық-әлеуметтік ахуалын арттырып, аудан халқының рухани-тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуға шама-шарқымша өзіндік үлесімді қосу. Бәт пен бабым бірге шауып, сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп, кент әкімі болып сайланып жатсам, менің бірінші кезекте басты назарға алатын ұстанымым – маған артқан сенімдеріңізден шығу. Жасыратыны жоқ бүгінгі күндері елдің оның ішінде кент жастарының көңілін көншітпейтін түйткілді мәселелер көп. Әлбетте бұдан бұған дейінгі халық қалаулылары қол қусырып қарап отырған екен деген ұғым туындамауы керек. Керісінше өмірден көрген, түйгені мол алдыңғы буын ағаларымызды бетке ұстап, иық тірестіріп, тізе түйістіріп қордаланып қалған мәселелердің түйінін тарқатуға бірлесе күш жұмылдыру.

Құрметті сайлаушылар! Сіздердің таңдауларыңыз маған түсіп ауыл әкімі болып сайлана қалған жағдайда мен төмендегі бағдарламаны басшылыққа ала отырып халық үдесі мен мүддесінен шығуға сендіремін.

- Электр жарығының тұрақты берілуін қамтамасыз ету;
- Ақтоғай ауылының 4-кезектегі су құбыры желісінің құрылысын іске асыруға;
- Ақтоғай ауылының кәріз құбырының тұрғындардың талап-тілектері бойынша іске асырылуына;
- Ауылдың инфрақұрылымдарының тұрақты жұмыс жасауын үйлестіру;
- Ауыл шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Шағын және орта бизнесті қолдау;
- Ақтоғай ауылы халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуіне ауылдастарыммен бірігіп жұмыс жасау;
- Ел ертеңі – жастар, ендеше, жастар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуына; олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға; бос уақыттарын мазмұнды өткеруге; спорттың бұқаралығын арттыруға; жас мамандарды ауылға тартуға; олардың баспанамен қамтылуына ықпал жасайтын боламын.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

* «Таза Қазақстан» акциясы

«Таза Қазақстан» – туған жерге тағзым

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен қолдау тауып келеді. Табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу бағытындағы бұл маңызды бастама бүгінде жалпыхалықтық қозғалысқа айналды. Аталған акция аясында өңірімізде де ауқымды жұмыстар атқарылып, елді мекендердің ажары арта түсуде.

Осы орайда Қараменде би ауылдық округінде де көктемгі екі айлық абаттандыру, санитарлық тазалық және көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері мен жастар бірлесе еңбек етіп, туған жердің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуда.

Жуырда ауылдық округ аумағында орналасқан мекемелер маңындағы ағаштарды әктеу, аумақтарды тазалау және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Акция барысында мекеме ұжымдары сенбілікке белсене қатысып, ағаш түптерін ретке келтіріп, қоршаған ортаны күл-қоқыстан тазартты. Әсіресе, көктем мезгілінде ағаштарды әктеу олардың зиянкестерден қорғалуына және ұзақ уақыт сақталуына септігін тигізеді.

Тазалық жұмыстары барысында көшелердің келбеті жаңарып, ауыл аумағының эстетикалық көрінісі жақсара түсті. Мұндай игі шаралар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, жастарды еңбекке, табиғатты құрметтеуге тәрбиелейді.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы екі айлық барысында ауылдық округте сенбіліктер өткізу, көше бойларын тазалау, ағаш отырғызу, қоршауларды сырлау, әлеуметтік нысандар маңын ретке келтіру секілді жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Бұл – туған жерге деген жанашырлықтың, елді мекеннің тазалығына деген ортақ жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Туған жердің тазалығы – әрбір азаматтың мәдениеті мен жауапкершілігінің айнасы. Сондықтан табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау – баршамызға ортақ міндет. Бірлікпен атқарылған әрбір іс ауылдың ажарын ашып, келешек ұрпаққа көрікті де таза мекен қалдыруға жол ашады.

Айбын Русланұлы,
Қараменде би ауылдық округі.

«Таза Қазақстан»тұжырымдамасы аясында Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы бойынша өтетін «Таза аула» конкурсы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Таза аула» конкурсына байқауды Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты ММ ұйымдастырады.

1.2. Байқау аула, көшелер мен мекеме аумақтарын күтіп ұстауды, абаттандыру мен көгалдандыруды жақсартуға, тұрғындарды тұрғын үй қорын сақтау ісіне қатыстыруға, ауыл аумағында жайлы өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған.

1.3. Байқау-қарау мерзімі: ағымдағы жылдың 05 мамыр мен 31 мамырына дейін өткізіледі.

1.4 Байқау төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

1. «Үлгілі көше» – ауыл бойынша көшелер арасында,
2. «Үлгілі ғимарат» – ауыл көлеміндегі мекеме, бөлімдер арасында,
3. «Үлгілі аула» – жеке тұрғын үйлердің арасында.
4. "Үлгілі көппәтерлі тұрғын үй" – көппәтерлі тұрғын үйлер арасында.
5. "Үлгілі кәсіпкерлік нысаны" – кәсіпкерлік нысандары арасында.

1.5. Байқауды өткізу және қорытындысын шығару байқауды өткізу жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – байқау комиссиясы) жүктеледі. Байқау комиссиясының негізгі функциялары:

- байқау қатысушыларының өтінімдерін қарау;
- байқауға қатысу үшін ұсынылған материалдар мен құжаттарды қарау;
- байқау қорытындыларын шығару.

Байқау комиссиясы төрағадан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Байқау комиссиясының хатшысы өтінімдерді, байқау материалдарын қабылдауды, оларды жинақтап, талдауды және комиссия отырыстарына ұсыныстар дайындауды

жүзеге асырады. Байқау комиссиясының отырысы құрамының жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі. Шешімдер көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Байқау комиссиясының шешімдері хаттамалармен ресімделеді және барлық мүшелері қол қояды.

1.6. Байқауға қатысу ерікті болып табылады.

1.7. Байқауға ауыл тұрғындары, мекеме ұжымдары қатыса алады.

1.8. Байқауға қатысу үшін өтінімдерді ағымдағы жылдың 31 мамырына дейін үйдің өкілдері, тұрғындар, мекеме басшылары байқау комиссиясының хатшысына aktogai_akimat28@mail.ru электрондық пошта арқылы жолдауға немесе ауыл әкімдігіне алып келіп өткізуге болады. Өтінім №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш арқылы беріледі және нысанның кемінде 5 фотосуреті қоса ұсынылады.

1.9. Байқау ережесі Ақтоғай ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және "Ақтоғай ажары" аудандық газетінде орналастырылады.

2. Байқау шарттары

Байқау қатысушысы болып ағымдағы жылдың 31 мамырына дейін №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім тапсырған тұлға танылады. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған материалдар қабылданбайды.

2.1. «Үлгілі көше» – тұрғындардың көше аумағын абаттандыру және көгалдандыру, тазалық пен тәртіпті сақтау, сенбіліктер өткізу, көше көркемдеуіне бастамашылық таныту бойынша бірлескен жұмыстары. Көше жабдықтарын, спорт

нысандарын, балалар алаңдарын сақтау бойынша тұрғындардың белсенділігі қаралады.

2.2 «Үлгілі ғимарат» – ауыл көлеміндегі мекемелер ғимараттарының сыртқы қасбеттерінің жағдайы, аулаларының абаттандырылуы, ғимарат ішінің талапқа сай жабдықталуы, тазалығы, кешік уақытта жарықтандырылуы, маңайының көгалдандырылуы қаралады.

2.3. «Үздік аула» – тұрғындардың аула аумағын абаттандыру және көгалдандыру, тазалық сақтауы, үй қасбетінің жағдайы, қоршауы, қора жайының тазалығы, үй аумағының, сыртқы аумақтың тазалығы қаралады.

3. Қорытынды шығару тәртібі және жеңімпаздарды марапаттау

3.1. Байқау қорытындылары ағымдағы жылдың 10 маусымына дейін шығарылады.

3.2. Қорытынды шығару осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.3. Байқау комиссиясы п.1.8-де көрсетілген мерзімде ұсынылған өтінімдерді қарап, нәтижелерді бекіту үшін нысанға барады.


3.4. Байқау жұмыстары п.2.1, 2.2, 2.3 көрсетілген әрбір критерий бойынша 0-ден 5 баллға дейін қойылады.

3.5. Байқау комиссиясының шешімі қорытынды хаттамамен ресімделеді және комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қол қояды.

3.6. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатты іс-шарада өткізіледі. Өткізу күні, уақыты және орны туралы жеңімпаздарға қосымша хабарланады.

Ақтоғай ауылдық округі әкімдігі.

* Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Мәдениет саласының үздігі ТҰҢҒЫШБАЙ МҰҚАН – 80 жаста



Бұл өмірде әр ортаның үлгі тұтар, өнеге алар, алға жетелер, елге қызмет етіп, халықтың құрметіне бөленген тұлғалары болады. Олар – сөзімен де, ісімен де көпшілікке бағыт-бағдар беріп, жұлдыздай жарқырап тұратын, қоғамда ерекше орны бар жандар. Олар бірен-саран, көп болса Үркер санындай ғана... Ондай адамдар қай уақытта да – серкелер, топ жарған тұлғалар. Айтқан сөзі өтімді, ісі жарасымды, көпшілікті соңынан ерте білетін, жұртты жігерлендіретін азаматтар. Осындай жандар елдің рухани тірегіне айналып, кейінгі ұрпаққа үлгі болады. Сондай бірегей тұлғалардың бірі – Ақтоғай өңірінің мәдениеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосқан ардақты азамат, қоғам қайраткері Тұңғышбай Мұқан ағамыз.

Осымақаламда Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы» аталған, «Ақтоғай энциклопедиясының» атасы, Әлиханнның шырақшысы, өлкетанушы, бүгінде Қарағанды шаһарында аузы дуалы аңыз ақсақалға айналған Тұңғышбай ағамыз жайлы сыр шертпекпін.

Тұңғышбай ағамыздың көпжылдық еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағасын алған. Ол – Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Сонымен қатар «Алаш» естелік медальдарымен және өзге де бірқатар марапаттардың иегері.

Туған өлкесінің тарихы мен өнерін зерттеп, оны кейінгі ұрпаққа насихаттауды өмірлік мақсатына айналдырған Тұқан Ақтоғай халық театры мен «Тоқырауын толқындары» ансамблінің қалыптасуына ерекше еңбек сіңірген өнер жанашыры. Ұзақ жылдар бойы бас режиссер қызметін атқарып, өңір өнерінің өркендеуіне зор үлес қосты. Ол – бүкілодақтық және республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты. Өнер мен мәдениет саласындағы жемісті еңбегі үшін жастайынан-ақ жоғары бағаланып, небәрі отыз жасында «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанды.

Тұңғышбай ағамыз – сегіз кітаптың авторы. Оның «Ел тарихы – рухани қазына», «Ақтоғай өнерінің

Өз заманының қайраткері

шамшырақтары», «Алаштың Әлихан», «Ақтоғай жер-су атаулары», «Ақтоғай – тарихтың тас сандығы», «Тынымсыз ғұмырым», т.б. еңбектерінде туған жер тарихы, ел тағдыры, ұлт руханияты кеңінен қамтылады. Бұл еңбектері туған өлкенің өткенін танып-білуге бағытталған құнды дүниелердің қатарында. Сондай-ақ, «Ақтоғай энциклопедиясын» жинақтап жазып, бас авторы болды. Тұқанның «Таста сақталған тарих», Әлихан Бөкейхан жайлы фильмдері Ақтоғай өңіріндегі тұңғыш деректі фильмдер екені анық. Ал «Тынымсыз ғұмырым» атты кітабында автор өз өмір жолын, тағдыр талқысына толы кезеңдерін шынайы баяндайды. Бұл еңбекте өмірдің қиындықтарына мойымай, білімге ұмтылып, табандылық пен

маңызын төрткүл әлемге паш етуде. Осы тұрғыдан алғанда, Тұңғышбай ағамыздың еңбектері өңір тарихын зерттеуде маңызы тарихи дереккөз болып табылады. Әсіресе, 2021 жылы Қарағанды облысындағы Октябрь ауданына Әлихан Бөкейханның есімінің берілуіне ұлтжанды тұлғалардың бірі Құдайберген Бексұлтановпен бірге бастамашыл топтың белсенді мүшелерінің бірі болғандығы еңбегі өлшеусіз екенін әркім білмейді.

Сондай-ақ, Шоқан Уәлиханов пен Әлихан Бөкейхан тұлғаларының тағдырындағы ұқсастықтарды салыстыра зерттеп, ғылыми-танымдық тұрғыдан құнды пікірлер ұсынуы да Тұңқанның аса бір дарындылығы мен зерттеушілік қырын аңғартады.



еңбек арқылы мақсатқа жетудің жарқын үлгісі көрсетілген. Кітаптың өн бойынан жас ұрпаққа оқындар, ізденіндер, алға ұмтылындар, асау армандарыңа қол жеткізіндер деп, бағдаршамдай болып, бағыт беріп тұрғанын сезінесің.

«Үш арыстың ауылынанбыз» кітабын баға жетпес еңбектердің бірі деп санаймыз. Әрбір жазбасында шығармашылық мазмұнмен қатар ерекше бір мейірім мен ағалық алғыстың лебі есіп тұрады, оны жан-тәніңмен сезесің. Тұңғанның әріптестері, достары, ауылдастары, әсіресе, өнер жолындағы азаматтардың өркендеуі мен өңбек жолдары, желкенді жетістіктері жайлы аудан, облыс, республика көлеміндегі баспа беттерінде жарияланған мақалалары мен очерктері, эсселері – өз алдына бір төбе.

Тұңғышбай ағама ел азаматтарының «Әлиханнның шырақшысы» деп берген бағасы бекер емес. Себебі Әлихан Бөкейханмен қатар Әлімхан Ермеков, Ақпайдың Жақыбы сияқты ұлт зиялыларының өмір жолын зерттеп, олардың тарихи тұлғасын кейінгі ұрпаққа кеңінен таныстырудағы еңбегі орасан зор. Ол Ақтоғай өңірін Алаш қайраткерлерінің кіндік қаны тамған қасиетті мекені ретінде сипаттап, туған өлкенің тарихи

мәлім. Атап айтқанда, 2021 жылдың қазан айында «Орталық Қазақстан» газетінде «Соқыр батыр кім?» деген мақаласы шықты. Құлықұлы Жалаңтөс бабамыздың елін-жерін жаудан қорғаған баһадүр батырлығы ел аузында лақап атпен аталып келе жатқандығы ағамызды қатты алаңдатты. Қазіргі таңда батыр бабаның жатқан жерін «Соқыр» деген лақап атпен емес, азан шақырып қойған «Жалаңтөс қорымы» деп атауға ерекше атсалысты, ағамыздың ұйымдастыруымен бірнеше телеарналарда сұхбат берілді. Ағамыздың «Жалаңтөс қорымында» арнайы салынған қақпаның ашылуына да белсенді араласып, ақ батасын бергенін дүйім жұрт жақсы біледі.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан Тұңғышбай ағамыз – Қарағанды қаласының қадірлі ақсақалдарының бірі. Оның өмірлік тәжірибесі, ойлау қабілеті, парасат пайымы, шешендігі мен азаматтық ұстанымы, өмір сүру қағидасы мен зердесіне жинаған әлемдік үрдістердің нәрі – кейінгі буын үшін үлкен өнеге. Ағамыздың сана тұңғығынан жарып шыққан ойтолғауы мен сөз саптауы өр мінезі мен өлшем жетпейтін ардақ көңілімен ұштасып, кең құшағы бүкіл әлемдегі жанам деген жүрекке ұшқын беріп тұрады.

Адамға берілген ең үлкен сыйлық мына жарық дүниеде қадірлі болу. Қолдан келгенше жақсылық жасап, сыйласа білгенге, адал еңбек еткенге не жетсін! Тұңға ағамыз туралықтың туын ұстап, кісіліктің жолынан таймай, жол айрықта жол көрсетіп, ақыл беріп, тағылым таныта жүріп, Жаратқанның жарлығы мен жебеп-желеуімен, игі жақсылардың ақ тілеуімен мына киелі жылқы жылына аман-есен жетіп отыр. Ол қай ортада болсын қарапайымдылығымен, адамдарға деген құрметімен, даналыққа толы ой-пікірлерімен ерекшеленеді. Ел ішінде шешендігімен де танылып, республикалық «Батагөй» байқауында Қарағанды облысының намысын қорғап, жеңімпаз атануы да – соның айқын дәлелі.

Тұңға жатты жатырқамай, жайшылықта жұмсақ болғанымен, істе жігерлі, жаны жомарт, ортада қызық-қуаныштың күбісін пісіп, қымызын ішкізіп, ойынсауықтың көрігін қыздыра білетін, қазақты көргің келсе, міне осы деп көрсететін, өмірін өнер мен руханиятқа, туған елінің тарихын танытуға арнаған біртуар абыз ағамыз. Бүгінде отбасының тірегі, әулеттің ақылшысы, Қарағанды шаһарының абыз ақсақалы.

Мынау жақсылығы мол жарық дүниеде, мәңгі елде, мәңгі жерде елімен, ұрпағымен ұзақ жасай берсін деген тілектеміз.

**Айтбай Бекен Айтанұлы,
қарт ұстаз, еңбек ардагері,
«Ел ардақтысы»
медалінің иегері.**

Тұңға ағамыз бабалар рухына тағзым ете отырып, қаншама іс-шараларды ұйымдастырғаны

«Еңбек – бәрін де жеңбек!». Осыбір аталы сөздің астарын терең түсіне білген Тұңғышбай ағамыз «еңбектің» қадірін ерекше бағалады. Өзі еңбек ете жүріп, ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білді. Тіпті, оны өмірлік ұстанымына айналдырды десек артық айтпаған болар едік. Бұл салада қол жеткен жетістіктері мен ілкімді іс - әрекеттері жетерлік. Әсіресе, облыстық Мәслихатқа депутат болған жылдары Ақтоғай ауданыныңдағы күрмеуі қиын күрделі мәселелердің оң шешілуіне аянбай атсалысты.

Тәуелсіз еліміздің тоқсаншы жылдардағы қиындықтары Ақтоғайды да айналып өткен жоқ. Нарықтық экономиканың салқыны - ауыл мен білім, мәдениет пен денсаулық саласын шайқалтып кетті. Бұрын сонды болмаған бұл құбылысты – қарапайым халық бірден түсінбей қалды. Одан шығудың оңтайлы жолдарын әкім – қаралар мен басшылар қарастырып бақты. Бірақ, дауылдай соққан дағдарыстың бұлты, тез арада сейіле қоймады. Осы тұста халық қалаулылары да қарап қалған жоқ.

Депутат Тұңғышбай Мұқан 2000 жылдың басында облыс әкімі Камалтин Мұхамеджановтың қабылдауында болып, Ауылды сақтап қалудың проблемаларын тілге тиек етті. Басшымен кең отырып кеңесті. Оған құрықол барған жоқ, 20 түрлі бағыттағы реформалық бастамалар мен Нарыққа өтудің тиімді талаптарын нақты іс-шаралар ретінде жеткізді. Нәтижесінде облыс әкімі іскер азаматтардан комиссия құрып, арнайы жасақталған жұмыс тобын Ақтоғайға жіберді. Олар ауданда бірнеше күн болып, айтылған жағдайлармен жан-жақты танысып, нақты іс-шараларға кірісті. Депутат ағамыз осылайша Ауыл тағдырына араша түскен еді.

Әлі есімде, 2002 жылдың 15 қыркүйек күні облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Облыс әкімінің тапсырысы бойынша алқалы жиыннан арнайы телехабар дайындау маған жүктелген болатын. Сол күні сессияға Білім және ғылым Министрі Шәмшә Беркімбаева қатысып, мектепте сапалы білім берудің басты

Сексен жастың сенгіріне көтерілген ағамыздың ғұмыр жолына көз жіберсек ол бір мақала емес, үлкен бір шығармаға оқ болар еді деп ойлайсың.

Иә, оның бүкіл саналы ғұмыры қоғамға, елге қызмет істеуге арналған. Егер «қоғамшыл, ұлтжанды адам қандай болу керек», десе бөгелместен осы Тұңғышбай Өміртайұлын көрсетер едік. Ол ес біліп етек жапқаннан бастап әуелі ұстаздық, одан соң аудандық комсо-

Ел үшін еңбек етті

(Бір үзік сыр)

міндеттері жайлы баяндама жасады. Сонынан депутаттар мәртебелі мей-манға сұрақтарын қойып, жауаптарын тыңдады. Кезек Тұңғышбай ағамызға келгенде:
– Қымбатты Шәмшә Көпбайқызы! Сіздің Білім Министрі болғаныңызға



көп болған жоқ. Соған қарамастан, біраз игілікті іс-шараларды атқарып жатқаныңыздан хабарлармыз. Біздің Ақтоғай ауданындағы шалғай ауылда орналасқан мектептердің жағдайы аса маз емес. Оларды сақтап қалу, білім ордасын қосымша қаржыландыру, бастауыш сыныптарды тәжірибелі кадрлармен қамтамасыз ету, мұғалімдер жалақысын көбейту – мені депутат ретінде қатты толғандыруда. Қазіргі кезде аудандағы орталықтандырылған итернат үйі жұмысын тоқтатқан, жас - өспірімдер спорт мектебі жабылған. Осы мемлекеттік мекемелердің қайта ашылуына көмегіңіз қажет, – деп мәселені төтесінен бірақ қойды. Иә, депутат өтініші аяқсыз қалмады. Көп кешікпей аталмыш мекемелері пайдалануға берілді.

Шығыс халқының ұлы перзенті Баласағұн айтқан екен: «Мейірімділік – ізгіліктің шамшырағы. Ізгілік – адами құндылықтың алтын сандығы», – деп. Сол айтқандай Тұңғышбай Мұқанның жүрегі – мейірімділік пен ізгілік нұрына тұнып

тұр. Осыдан екі жыл бұрын Майқұдық Мәдениет үйінде ағамыздың киелі Ақтоғай өңірінің тамаша тарихынан сыр шерткен деректі фильмінің тұсаукесері болды. Сол жолы көпшілік арасында Бекарыс деген бейтаныс жігітпен кездесіп,



біраз әңгімелескен едім...

– Тұңғышбай Өміртайұлының бізге жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпаймыз. Осыдан 20 жыл бұрын біз Теміртау қаласындағы Жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жүрген едік. Бір күні депутат ағамен кездесу кеші өтті. Сол жолы сөзге шешен, нағыз білікті ұстаз, алты Алаштың ардақтылары шыққан Ақтоғай туралы және өнер мәдениетінің рухани байлығы жайында көптеген дүниелерді айтты. Сөз соңында, жастарды аудан орталығында қайта ашылған кәсіптік училищеге оқуға түсіп, жаңа мамандық алуға шақырды. Біз бірден келістік. Бір аптадан соң, өзі қайта келіп 17 «қазақ баласын» арнайы машинамен алып кетті. Бәрімізді жайлы жатақханаға жайғастырып, екі жыл оқытып, қолымызға диплом алып берді. Үнемі бізді бақылап, туған әкеміздей қамқорлық танытып жүрді. Қазір бәріміз ер жетіп, үйлендік, бір – бірімізбен хабарласып тұрамыз. Ағамыздың бүгінгі мерекелік кешіне арнайы келдік, – деп

бөленді. Мұны халқымыздың өткен тарихын жадымызда жаңғыртуға, бүгінгі ұрпақтың туған өлкеге деген сүйіспеншілікті артыруға бағытталған құнды мұра деуге болады.

Енді осы «Ақтоғай – тарихтың тас сандығы» атты деректі фильм туралы бірер сөз. Бұл фильм «Ежелгі Ақтоғай» деп басталып, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіне жетіп табан тірейді. Яғни, ежелгі Ақтоғайдан бүгінгі Ақтоғай,

ағынан жарылды.

Тұңғышбай Мұқан – халық қалаулысы болған жылдары облыстық Мәслихаттың сессиялары мен тұрақты комиссияларының отырысында тек «қазақ тілінде» сөйлейтін, жалғыз депутат еді. Ол – ойын еркін жеткізетін, ешкімнен қаймықпайтын, ұсыныс-пікірлерін ашық айтатын. Оған өзіміз талай рет куә болғанбыз. Кейде облыстық Мәслихаттың хатшысы, мемлекет қайраткері, танымалы тұлға – Қасымбек Медиевтің өзі:

– Қымбатты әріптестер! Сессияда қазақша сөйлеуді Тұңғышбай Өміртайұлынан үйреніңдер. Сол сияқты белсенді, әрі аса іскер депутат болыңдар! – деген ескертпесін талай рет естігенбіз...

2003 жылы қазіргі облыстық «Сарыарқа» телеарнасында жұмыс істеп жүргенімде 3 рет «Депутат және өмір» деп аталатын бағдарламаны жүргізген едім. Соның бір хабары – тұтастай Тұңғышбай ағамызға арналған болатын. Сындралы сұхбат барысында ел аманаты қалай атқарылып жатқаны туралы бүкпесіз сыр бөлістік. Өңіріндегі қоғамдық әлеуметтік мәселелердің бірі – денсаулық саласына қатысты еді. Әсіресе, аудан орталығындағы аурухананың жабылу алдындағы мүшкіл халі, ауылдық оқу орталықтарындағы амбулаториялардың сын көтермейтін тағдыры – депутаттың араласуымен реттелгеніне сүйсіндік. Сондай-ақ, Ақтоғайда облыстық «Сарыарқа» ауыл спартакиадасының ойдағыдай өтуіне ұйытқы болып, аудан әкімі Рысқали Әбдікерем және кәсіптік училище жанынан тері өңдеу цехының жаңадан ашылуына көмектескенін естіп, білдік.

Қорыта айтқанда халықтың ерекше құрметіне бөленген, қарымды қаламгер, атақты өлкетанушы, ұлт көсемінің шырақшысы, ұлағатты ұстаз Тұңғышбай Өміртайұлының бір ғана депутаттық қызметтегі ерен еңбегі осындай! Мерейтой құтты болсын, аға!

Әли ТОЙЖІПТ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Ақпарат саласының үздігі, ҚР
Мәдениет қайраткері, «Алтын
Сұңқар» сыйлығының жеңімпазы.

озық қызметкері» Б.Алтынсарин төс белгісімен марапатталды. Осының бәрі оның табанды да ізденімпаз, адал еңбегіне берілген әділ баға болса керек.

Тұңғышбай ағамыздың тағы бір ерекшелігі – қара сөзге дес бермес шешендігі, үлкенге де, кішіге де ақ жарқын кішіпейілдігі. «Ұлық болсаң кіші бол» деген тәмсіл текке айтылмаған. Ол қандай лауазымда қызмет істесе де қарапайым мінезінен жазған емес. Халықшылдығы,

Тасыған Тоқырауын өзенінде

мол комитетінде, аудандық мәдениет бөлімінде, басшылық қызметте болды. «Ақтоғай аудандық халық театрының» және «Тоқырауын толқындары» ансамблінің өсіп өркендеуіне айрықша үлес қосып Бүкілодақтық және Республикалық байқаулардың лауреаты атанды. Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ол аудан әкімінің орынбасары, кәсіптік техникалық училище директоры қызметтерін абыроймен атқар білді. Қарағанды облыстық мәслихатқа депутат болған жылдарда атқарған істері өз алдына бір төбе.

Жалпы Тұңғышбай ағамыз бір нәрсені қолға алса соны діттеген жеріне жеткізбей байыз таппайтын тынымсыз жан. Осы орайда оның өлкетану саласындағы атқарған айшықты істеріне тоқталсақ.

Көпшілік ел жақсы біледі, Ақтоғай ауданы ежелден тарихы бай, табиғаты сұлу, ғажайып өлке. Бұл ауданның әр тасы, әр тауы тиіп кетсең, күмбірлеп көне тарихтан сыр шерте жөнеледі. Ақтоғай – қазақ тарихына есімі әйгілі болған небір алып тұлғалардың кіндік қаны тамған, басқан

– рухани қа-зына», «Ақтоғай жер-су атаулары», «Ақтоғай энциклопедиясы» атты сүбелі танымдық кітаптарды жарыққа әкелді. Осының бәрі туған өлкеге деген ел мен жерге деген риясыз сүйіспеншілікпен жасалған. Мысалы «Ақтоғай тарихтың тас сандығы» Т.Мұқан 2020ж» осы кітапты қолға алсаңыз қасиетті Ақтоғай аймағының арғы бергісінен хабардар боласыз.

Тұңғышбай Мұқанның өлке танушы ретінде жасаған жұмысы орасан зор. Ол тұтас Ақтоғай ауданының тарихын, мәдениетін, географиясын, халқының дәстүрін, табиғатын, тіпті тау-тастағы таңбаларына дейін хатқа түсірген. Бұл тұтас бір институт істейтін жұмыс десек тіпті де артық емес. Мысалы, үшін Тұқан аудан өңіріндегі киелі жерлердің табиғатын, елді мекендерді, археологиялық кешендерді, ел аузындағы аңыз-әңгімелермен сабақтастыра отырып, деректі фильм түсірді. Осы деректі фильм облысымыздың кинотеатрларында, Астана қаласында, оқу орындарында көрсетіліп, көрермен қошеметіне

дәлірек айтқанда тәуелсіздік күніне дейінгі Ақтоғай аймағының жүріп өткен тарихтағы іздерінен сыр шертетін танымдық дүние болып шыққан. Бұл фильм үлкен ізденіспен және бір күнде, немесе бір жылда жасалған жұмыс емес, автордың жылдар бойғы бағыттағы тоқтаусыз, тынымсыз шығармашылық еңбегінің нәтижесінде мүмкін болған.

Аталмыш фильм аудан тарихының шежіресі іспеттес, оны көріп отырып өлкенің өткенін көз алдыңнан өткізіп, сол дәуірде ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпынан хабардар боласыз. Түйіп айтқанда деректі фильм – тарихи, танымдық туынды болып шыққан. Бұл еңбек сонысымен құнды.

Тұңғышбай Өміртайұлы қайда, қандай қызмет істесе де өз ісіне жан-тәнімен беріліп, ел игілігі жолында аянбай тер төккен бірегей тұлға. Ол өзінің ұзақ жылғы жемісті еңбегінің арқасында «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы» атанып, «ҚР Білім беру саласының

қоғамшылдығы, үнемі ат үстінде асығып жүретіні өзіне жарасып тұратындай.

Кейбір алқалы жиындарда Тұңғыш ағамыз тасыған Тоқырауын өзені секілді төгіле сөйлеп тұрғанын көргенде: «Шешен де өзін, Көсем де өзін, Би де өзін, Жүрегіме шуақ сыйлап тұрады, Әлихан деп, Алаш деп тебіренген әр сөзің!» – дегім келеді.

Шынында да, Тұңғышбай Өміртайұлының Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өмірін бір кісідей зерделеп, Алаш арыстарының еңбегін, олардың рухани мұрасын тынымсыз насихаттап, жастардың санасына сіңіріп жүргені де көпке аян. Тіпті оны Әлиханның шырақшысы деп те бекер айтып жүрген жоқ.

Алаш арыстарының кіндік қаны тамған киелі Ақтоғай топырағында туған Тұңғышбай Мұқан ағамыз сексен жастың сенгіріне көтерілді. Ағамызға ұзақ ғұмыр, шығармашылық табысты, жанұясына бірлік, береке тілейміз!

Жанболат БАШАР,
жазушы, Балқаш қаласының
«Құрметті азаматы».



Жеңіс деген-жақсылықтың сыңары, Жігер менен күштарлықтың құралы.

Ауданның атын шығарған ерлер еді...

Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыстың аяқталғанына 81 жыл!

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 81 жылдығын атап өту, тек тарихты ғана еске алу емес, оның адамзат баласына тигізген зардабын өскелең ұрпаққа түсіндіріп, тарихтан сабақ алу, бейбіт өмірдің қадірін түсіну, аға ұрпаққа бүгінгі өміріміз үшін құрмет көрсетудің бір амалы, адами парызымыз. 1939-1945 жж. екінші дүниежүзілік соғыс тарихтағы ең үлкен алапат соғыс. Соғыс 61 мемлекетті, дүниежүзі халқының 80 пайызын 1,7 миллиард адамды қамтыды. Ұрыс қимылдары 40 мемлекеттің аумағын қамтыды. 110млн адам әскер қатарына шақырылған. Оның 70 миллионы қаза тауып, әлем елдері 4 триллион доллар көлемінде шығынға батқан. Яғни адамзат тарихындағы ең қымбат соғыс. 1941ж соғыс басталғанда Қазақстаннан бірден 1200 мың азамат әскер қатарына шақырылғаны белгілі.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданынан да ер азаматтың түгелі майданға бет алды. Ауданда қалғандары еңбек вахтасында жан аянбай еңбек етті. Соғыс жылдарында жеңісті жақындатуда майдан мен тылдың ерлігі бірдей. Өрімдей жас жігіттер Шет ауданында орналасқан әскери комиссариаттан майданға аттанып жатты. Солардың бірі Абдусадық Асылбеков еді.

Әңгімеге арқау болып отырған ержүрек майдангер Асылбеков Аб-дусадық 1912 жылы 20 желтоқсанда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қауық елді мекенінде, Аққұм жақтағы дарияның жағасында, қарапайым шаруа отбасында өмірге келеді. Ата анасы қазан төңкерісіне дейін де, кейін де мал шаруашылығымен айналысады. Әкесі 1920 жылы қайтыс болады, көп уақыт өтпестен 1925 жылы анасы өмірден өтеді. Сонымен 14 жасқа толғанша ауылда, шаруашылыққа көмектесіп, ағайынның арасында жүреді. 1925 жылы Жаңақорғандағы балалар үйіне қабылданады, одан кейін, ел ішінде ашаршылық басталғанда Түркістандағы балалар үйіне ауыстырады. 1929 жылы Түркістандағы 4 кластық мектепті бітірген соң, Ташкент қаласындағы политехникалық техникумға оқуға түседі. Кейін бұл

оқу орны Орта Азия политехникалық институты болып қайта құрылады. Техникумды бітірген соң 1936 жылы Қарқаралыдағы ауыл шаруашылық техникумында білімін көтеріп, гидротехник мамандығы бойынша, соғыс басталғанша Қоңырат ауылында қызмет жасайды.

1941 жылдың қараша айында 69 атқыштар полкы құрамында майдан даласына келеді. Соғыстың алғашқы күндерінен Батыс және 3-нші Беларусь майданында командир қызметін



атқарады. Минометчиктер ұрыс кезінде ылғи да жаяу әскерден кейін алдыңғы қатарда соғысады. Минометный ротаның командирі атқыштар полкының командирімен бірге жүріп шешім қабылдайды. Минаны қай жерге тастау керек, қанша тастау керек, қалай көздеу керек, кімге көмектесу керек осының барлығын есептеп отырады екен. Бұл жерде дәл есеп, нақты есеп керек. Минометчиктер ұрыс даласында жаяу әскердің негізгі қолдау көрсететін тірегі болады. Минометчиктер командирі Абдусадық Асылбеков атқыштар полкы құрамында батареяны басқару барысында ептілігімен, техникалық білімімен, жылдам, дұрыс шешім қабылдау барысында алғырлығымен, ержүректілігімен, ұйымдастыру қабілетімен, саяси сауаттылығымен, шапшаңдығымен басшылықтың көзіне бірден түседі. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап ақ Кеңес жауынгерлері еш қиындыққа қарамастан өздерінің батырлығы мен табандылығын, жанкештілігін көрсете

білді.

Жау әскері табанды қарсылыққа тап болды. Өздеріне қарсы арнайы жасакталған әскерилер емес, қарапайым адамдармен соғысып жатқандарына сенбеді. Бұл ерлік ешқашан да ұмытылмайды. Тула қорғаныс операциясы – Мәскеудің оңтүстік жағындағы майдан шебін тұрақтандыруда, неміс бөлімшелерін бастамадан айыруда және кеңестік қарсы шабуылға жағдай жасауда маңызды роль атқарғаны тарихтан белгілі. Негізгі қақтығыс



Мәскеу үшін шайқас. 1941жылдың 24 қазанынан 5 желтоқсанға дейін 43 күн, табандылық көрсетіп, майдан шебін тұрақтандырып, қарсы шабуылға жағдай жасауда Беларусь майданының жауынгерлерінің табандылығы туралы көп айтылады. 157 минометті полктың батарея командирі Абдусадық Асылбеков осы ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін, полктегі мықты, алғыр, епті офицер ретінде 1945 жылдың 15 мамырында КСРО Жоғары Президиумының №018 бұйрығымен, майдан даласында неміс басқыншыларына қарсы әскери тапсырмаларды мүлтіксіз, үлгілі орындағаны үшін және орындау барысында батырлық пен ерен ерлік көрсеткені үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталады.

Гвардия аға лейтенанты Абдусадық Асылбеков 1943 жылдың 20 мамырында Тула ауданындағы Анино деревнясының маңындағы ұрыста жау әскерінің снарядының жарықшағы тиіп жараланып, госпитальға түседі. Гос-

питальдан емделіп қатарға қосылған соң,әрі қарай Витебскі үшін болған кескілескен ұрысқа, Европаны азат ету ұрыстарына қатысады. Соғысты Германияда жеңіспен аяқтаған соң, елге оралады. «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады.

Соғыстан аман оралған соң, ауданның ауылшаруашылығы саласында да ерен еңбек үлгісін көрсетті. Соғыстан кейінгі жылдары Ақтоғай ауданы бойынша су шаруашылығы мекемесінде инженер, кейін су шаруашылығы мекемесінің басшысы қызметін абыроймен атқарады. Аудан халқын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қыруар жұмыстар атқарылса, соның басы қасында Абдусадық Асылбекұлы жүреді. Ауданның ауыл шаруашылығына қосқан үлесі үшін, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» 1957 жылы медалімен марапаттайды. 1967 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысу құрметіне ие болады.

Өмірлік серігі Ақбет Галиханқызы, соғыс жылдарында аянбай еңбек еткен тыл ардагері. Соғыс даласындағы әрбір жеңіс тылдағы ерен еңбектің нәтижесі. Соғыс пен тылдың ерлігі бірдей қарастырылу керек. Ақбет Галиханқызы туралы да көп әңгіме айтуға болады. Таңның атысынан кеш батқанша майдан үшін тылда еңбек етеді. Болмысы ерекше жан болатын. Төренің қызы болса да айналасына бауырмал, елгезек, ақкөңіл жан болатын. Ортасына сыйлы, қадірлі болды Ақбет апа. Ауданның үлгілі, көпбалалы отбасыларының бірі.

Балалары Серік, Жібек, Бақыт, Бақытгүл, Берік, Кенжегүл аудан мен облыстың әр саласында қызмет жасап, ата-анасының, Отан үшін от кешкен, еліне адал қызмет еткен сара жолын жалғастыра білді. Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды! Ауданның тарихында есімдері ерекше жандарды бүгін еске алып жатқанымыз адами парызымыз. Ұрпақтарына ұзақ та, баянды, абыройлы ғұмыр тіледім.

**Камшат Абдрахманова,
Қарағанды медицина университеті,
Қазақстан тарихы және ӘСП
кафедрасының
ассистент-профессоры.**

Ұлы Отан соғысы туралы қызықты тарихи деректер

Гитлер Сталиннен гөрі кеңестік әйгілі диктор Левитанды сұмдық жек көрген. Тіпті оның басын кесіп әкелген солдатқа арнайы марапат пен 250 000 марка сыйақы жариялаған. Гитлер оны Кеңес Одағын жаулап алған кезде бірден ату жазасына бұйырылатын адам ретінде тізіміне бірінші етіп жазған. Бірақ Гитлердің бұл «арманы» орындалмай, Левитанға Германияның тізе бүккені мен Жеңіс күнін радио арқылы жариялау бақыты бұйырды.

Ұлы Отан соғысы әйгілі тарихи қолбасшы Әмір

Темірдің қабірін қазғаннан кейін бір күннен соң басталды. Қолбасшының қабірін қазатын кезде діни сенімдегі адамдар ғалымдарға қабірді қазбауын өтінген. Егер оны қазса соғыс басталуы мүмкін екенін де ескерткен. Ғалымдар бұл сөзге иланбай 1941 жылы 21 маусымда қабірді қазады. Арада 1 тәулік өтпей жатып Ұлы Отан соғысы басталды.

Соғыс тарихында өз еркімен жалғыз өзі немістерге қарсы шайқасқан кеңестік жауынгер туралы көпшілік біле бермейді. Тверь қаласын жаудан тазартуға аттанған жауынгердің бұл жоспары

ротадағы өзге жауынгерлерге белгісіз еді. Жауынгер (аты-жөні айтылмайды – Авт.) түн ортасында танкке отырып, Тверь қаласына аттанады. Түн ішінде фашистердің армиясын дүрліктірген жауынгерге қаладағы бүкіл неміс әскері қарсы шығады. «Қалаға кеңес әскерлері басып кірді» деп қорыққан неміс әскерлерінің көбі қаладан қашып та үлгерді. Қалада жалғыз танкпен шайқас болып жатқанда көмекке келген кеңес әскерлері қаланың бір бөлігін азат етеді. Есімі аталмайтын бұл жауынгер осы ерлігі үшін генерал Коневтің қолынан «Қызыл жұлдыз» орденін алады.



Күрескердің арманы мен ұраны, Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Кандагар, Кабул – бұл Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын өтеген жерлестеріміздің жастық шағын жоғалтқан қасіреттер тоғысы, от ішінде өліп-тірілген тағдыр, қан-қасап күннің шындығы. Ауған жері тірі келген кемтар ғұмырдың сұмдығы, Ауған жері жыртық тағдыр, тәтті армандары тау-тасты, шатқалды кезіп кеткен арман-қиал.

Болатын. Тәңірі маңдайына Ауған отын ұйғарып қойғанын Қайрат қайдан білсін. Сыныптастарының алдында көкірегін намыс кернеген Қайратымыз Түркіменстанның бас қаласы Ашхабаттан бірақ шығады. Түркімен жерінің аптап ыстығында 2 ай тынымсыз дайындықтан өтеді. Екі айлық дайындықтан өткен соң командирлері Ауған жеріне соғысқа баратындықтарын ашық ескертіп,

әсіресе жау жағы сенің осал тұсыңды аңдып отырып, ұрымтал тұстан лап берді. Сәл босаңсысаң биіктік солардың қолына өтеді. Қылт еткеннен қылт етіп отырғаның сол. Осындай алма кезек шабуыл барысында шатқал ішінде көршілес ротаның жігіттерімен кездесіп қалдық. Он бес күндей тау ішінде соғысып жүру оңай ма. Адамды адам танып болмастай өзгергенбіз. Үсті басымыз шаң-шаң,

екен. Кеңес үкіметінің бергендерін санамаған да Ауғанстан халқының Алғыс хатына дейін арқалап қайтыпты. Үкімет тарапынан да қомқорлыққа кенде емес екен, әр жыл сайын госпитальге жолдама, сонымен қатар қалаған демалыс орныға барып демалып, ем алып қайтсаң ақшасында көтеріп береді екен. Ал, қала әкімі болса 15 ақпан мереке күніне орай өзі қабылдау жасап, әр Ауғанстан

Тән жарасы айықты десек те дағы қалды



Бүгінгі кейіпкерімізде екі империя өктемдігінің нысанасына іліккен тәні жаралы, жаны налалы ардагер.

Шалғайда жатқан Айыртас ауылына сан барып жүріп, Қайрат бауырымның сол қыл көпірден аман келген ардагер екенін естігенде өзім ыңғайсыздандым. Ойсыз бір күнін өткізбейтін журналист үшін үлкен кемшілік. Қайрат Теңілікұлы Ақатаев 1965-жылдың 28-қарашасында ажары қысы-жазы өзгермейтін, жаратылыстың жасанған ғажап көрінісі Қызыларай тауының бауырында дүниеге келіпті. Қараша ауылдың қайнаған тірлігімен өмірі біте қайнасқан әкесі Теңілікті жұрт сыйлайтын. Түлігін белден қайырған ауылдықтар үшін күн көрістің бірден бір көзі мал. Ал, әкесі Теңілік болса Қарқаралының зоовет. техникумын бітіріп келген жас маман. Аудан бойынша өрбіген түліктің саны артып, Семеймен шекаралас Жорға ауылының жанынан Айыртас совхозы ашылады. Әкесі сол қазығы жаңа қағылған жаңа совхозға мал дәргері болып барады. Қалыпты тірлік, балалық шағы бұлағы сылдыр қаққан, құрағы сыбдырлатқан аяулы Айыртас баурайында өтті. 1982-жылы онжылдықты тәмамдаған соң Балқаштағы тау-кен техникумына электрик-инженер мамандығы бойынша оқуға түседі. Арада екі-үш жыл өтеді, өзінің бірге оқыған сыныптастары әскери борыштарын өтеп келіп жатқанын көрген кейіпкеріміз, салып ұрып қалалық әскери комисариатқа барып, өзін әскер қатарына алуын өтініп өтініш береді. Бұл 1985 жыл

әке-шешелерін шақыртып, қоштасып қалуға рұқсат береді.

– Жанымыздағы орыс, өзбек солдаттары дереу хабар жіберіп ата-аналарын шақыртыпты, біздің қазақ балалары гана хабар бермеген, – дейді Қайрат.

Сөйтіп шат күлкіден сап тыйылып, жат өлкеге, ысқырған оқ, ысылдаған минаның үстіне топ ете қалады. Пакістан мемлекетінің іргесіндегі Жалалабат маңы. Ми қайнаған ыстық 60-градустан бір төмендемейді екен. Таңдайың кеуіп, көн тозады. Келген бойда саперлық міндетке кірістік.

– Қалай тірі қайтқаныма өзім қайран қаламын. 48-рет шабуылға шығыппыз. Сапердың қызметінсіз еш рота, жаяу әскер, барлаушылар өз беттерімен соғыс алаңына шыға алмайды. Көлікте жүргізуші және 3 сапердан боламыз. Әбден үйретілген 2 ит болады. Арнайы дайындаған иттердің көмегіне сүйеніп, алғы шепте жүреміз. Қаниама рет өзіміз минаға түстік, көбіне жүргізуші мерт болады, біз көлік үстінде онда да тура ортасында отырамыз, сондықтан болар аман қалып жүрдік. Дұшмандар күндіз көзге көріне қоймайды, жер жағдайын жетік білгендіктен көбіне түнде соғысады. Екі рет жаудың қоршауында қалдық, екеуінде де таяу маңда біздің әскерилер болып қосалқы күштің арқасында жау шебін бұзып, құдай сақтап аман шықтық. Жаның жүдеп көңілің торығады. Қырғын соғысты көзбен көреміз деп ойладың па? Бір жер де аяқ, бір жер де қол көз алдында жан тапсырып жатқан боздақтар. Бағындырған биіктікті ұстап тұруда оңай емес,

кіім жыртылған, тек көздеріміз жылытырайды.

– Сен қай жерденсің? Өзің қай жерденсің? – деген сұрақтарды бір-бірімізге қойып жатырмыз. Ол кезде біз Жезқазған облысы болдық қой, мен тұрып іштеріңде Жезқазғаннан бар ма деуім мұң екен біреу «мен», – дейді. Шыны керек мен оны, ол мені танымады. Сәлден соң барып: – Қайратсың ба, – дейді. Жалт қарасам өзімнен кейін оқыған ауылдасым Жәпенев Ісбек. Сөйтіп, Ісбек екеуіміз Ауғанның қыл көпірінде, ажал сепкен ұңғының астында кездестік. Кейін естідім Ісбек бауырым минаға тап болып бір аяғын жұлып кетіпті.

соғысына қатысқан жауынгерге өзі тағайындаған қаржысын үлестіреді. Қамыққан көңілге бұл да үлкен демеу. Уақытта зырлап өтіп жатты. 1994 жылға дейін Айыртас совхозында жүргізуші болып жұмыс жасайды да 1994 жылы Балқаш қаласына қоныс аударып заводқа жұмысқа кіреді. Жалты Қайраттың болмысы тілінен тамған тәтті теңеумен дараланып тұратын азамат емес, іске бейім. Осы мінез жеке кәсіпке әкелді. 2003 жылдан бастап өзі жеке кәсіпкер. Қытай еліне өзі барып, қаламызға ең алғаш ауыр техникаларды әкелді, (погрущик, шансимандар) көкше көлдің жағасынан алғашқылардың



Жауынгер досым, бауырымның мұндай жағдайға тап болғаны мені де қатты қынжылтты. Қызығы ұрланған қайран жастық, қай бұтаның түбінде бізге кезек келеді екен деп шыбын жанды шүберекке түйесің. Ісбекке дер кезінде жедел көмек ұйымдастырылып, Ташкент одан соң Москваға госпитальге жіберіліп, аман қалыпты деп естідім. Сол шайқастағы жанқиярлық ерлігі үшін Ісбек бауырымды «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттапты. Өте қарапайым отбасынан шыққан тәрбиелі жігіт еді. Дауылда өтер, жауында өтер демекші тән жарасы айықты десекте дағы қалды. Ия, тіршілік жалғасады.

1987 жылы аман-сау Ауғанстан жерінен туған жеріне оралды. Марапаттары да бір басына жетерлік

бірі болып кафе де ашты.

Бұл күнде толысқан жасында толайым істердің ұйытқысы болып жүрген қадірлі жандардың бірі – Қайрат. Жан жары Бағдат екеуі екі ұлынан 5 немере сүйіп отыр. Ең басты байлығы, ақылшысы анасы Күлмия бүгінде 84 жасқа толып отыр.

– Күнделікті тірлікке қарап адалдығыңды, аңқаулығыңды саралайсың. Гүлденген өмірді көріп құлшынысың артады, көштен қалмауға тырысаң, – дейді Қайрат батырымыз. Заманның тарихы әр адамның өмірімен өрнектеледі деген рас ау.

Қазбек Ештанов,
Қ.Р. Журналистер одағының мүшесі.

Тасарал ауылдық округі әкіміне үміткерлердің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламалары

**Тасарал ауылдық округі әкіміне үміткер
Жақыпбеков Қанат Есентайұлының
өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Жақыпбеков Қанат Есентайұлы 1986 жылы 18 қыркүйекте Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келдім. 1993 жылы Ә.Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебіне барып, 2004 жылы 11-сыныпты аяқтадым. 2004-2006 жылдары Қарағанды қаржы институтының Банк колледжінің экономика, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша, 2009-2011жж. Қарағанды Болашақ университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2006-2008 жылы ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасы, бас маман-есепші міндетін атқарушысы 28.04.2010-30.09.2010жж. ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасы, бас маман-есепші, 2010-2011жж. Шашубай кенті әкімі аппараты ММ, бас маман, есепші, 2011-2012жж. «Қараменде би селолық округі әкімі аппараты» ММ-нің бас маманы міндетін атқарушысы, бас маманы, 27.12.2024 жылдан бастап Ақтоғай ауданының әкімі аппаратының қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып келемін.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауылдастар! Бұл – менің сайлауалды бағдарламаның қысқаша мазмұны. Бағдарлама ауылдың әл-ауқатын жақсартып, әлеуметтік және экономикалық дамуына бағытталған.

* ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, тұрғындардың негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болғандықтан, мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несиелер институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;

* мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, кәсіпорындарын ашу;

* округтегі автомобиль жолдарын қалыпты жағдайда ұстауға, жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасауға, көшелерді жарықтандыру;

* ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыру;

* ауылдық округке «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту; * белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;

* жолды сапалы ағымдағы жөндеуден және ауылшілілік жолдарды жөндеуден өткізу.

Сіздердің алдарыңызда өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып, округ әкімі лауазымына үміткер ретінде алдағы сайлауға түсу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Егер сайлау барысында сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, әкім болып, халқыма жақын болып, округпен жұмыс жасау, дамыту маған арқаланған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

**Тасарал ауылдық округі әкіміне үміткер
Кенжебекова Ақтолқын Кебековнаның өмірбаяны
мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Кенжебекова Ақтолқын Кебековна 1980 жылы 4 қазанда Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. 2001-2005 жылдар аралығында Заманауи гуманитарлық академиясында білім алып, «Құқықтану» мамандығы бойынша құқық бакалавры дәрежесін иелендім. Білімім – жоғары.

2006-2016 жылдары Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті бас-қармасының (ҚАЖКБ) АҚ-159/21 мекемесінде арнайы есепке алу бөлімінің инспекторы лауазымында қызмет атқардым. 2016 жылдың 27 желтоқсанынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас инспектор лауазымында қызмет етіп келемін.

Отбасылық жағдайым тұрмыстамын, 3 балам бар.

Сайлауалды бағдарламасы

Мен сіздердің таңдауларыңызбен, Тасарал ауылдық округінің әкімі болып сайлансам:

– Ауылды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету. Ауылдың ішкі жолдарын жөндеу. Саябақ ашу, балалар ойын алаңын салу сынды мәселелер толғандыратындықтан, осы істерді қолға аламын;

Осы аталған мәселелердің шешуін ауыл өмірін жақсарту бойынша ауыл азаматтарымен кеңесе отырып қарайтын боламын. Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

– көше жарықтарын толықтай орнатуға;

– ауылдағы барлық көшелердегі жолдың құрылысын толық, сапалы аяқталуына;

– саябақ ашуға, балалар ойын алаңын орнатуды қолға алуға;

– жас мамандарға қызметтік үй құрылысын салуға ықпал етемін;

– ауылға инвесторлар шақырып, туризмді дамытуға;

– ауыл жастарына спорт үйірмелерін ауқымды етіп ашуға;

– мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып, ауыл тұрғындарынан

кәсіпкерлердің санын арттыруға;

– сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;

– «Жастар – біздің болашағымыз» қағидасын басшылыққа алып, ауыл жастарынан патриотизмге насихаттауға;

– жаңа мектеп салынуына және де мектеп жанынан балабақша ашуға;

– мектеп, клуб үйі, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсартуға тиісті жұмыстарды ұйымдастыруға;

– Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізуге.

Мен ауыл бюджетінің шектеулі екенін түсінемін. Сондықтан, қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.

– Ауылды абаттандыру жұмыстарына, тазалық мәселесіне көп көңіл аударамын.

– Ауылда туындаған проблемалардың уақтылы және сапалы шешілуіне күшімді саламын.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Тасарал ауылдық округі әкіміне үміткер Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



және халық шаруашылығын жоспарлау» факультетінде экономист-техник мамандығы бойынша білім алдым.

1995-2003 жылдары Құсақ ауылдық округі «Береке» ауылшаруашылық кәсіпорнында жұмыскер, одан кейін есепші болып, 2003-2007 жылдары Ақтоғай ауданы Құсақ селолық округінің жетекші-статистика маманы болып еңбек жасадым.

2003-2006 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика академиясының «Бухгалтерлік есеп және аудит» бөліміне түсіп, экономист мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

2007-2010 жж Ақтоғай ауданы Шашубай кентінде жетекші-статистика маманы, 2011- 2013 жж Ақтоғай аудандық зейнетақы төлеу бөлімшесінің Шашубай учаскесіндегі маманы, 2013-2015 жж Шашубай кенті әкімі аппаратының бас маманы болып қызметтер атқардым.

2015 жылдың 2-қазанынан бастап 2026 жылдың 6-сәуіріне дейін Ақтоғай ауданы Кежек ауылдық округінің әкімі болып қызмет жасадым.

«АМАНАТ» партиясының мүшесімін. Отбасылымын.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Тасарал ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда, мен әлеуметтік мәселелерді шешу үшін барлық күш-жігерімді және қызметте барлық тәжірибием мен білімді жұмсауға ниеттімін. Менің сайлауалды бағдарламам ауылдық округ тұрғындарын толғандыратын бірқатар мәселелерді шешуді қамтиды:

2. Мемлекеттік бағдарламалардың одан әрі іске асырылуын, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, жалпы, жайлы өмір сүру ортасын құру;

3. АМАНАТ партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл және балық шаруашылығы, сондай-ақ шағын бизнес ісі жүру үшін, жеңілдетілген несиенің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал ету.

4. Ауылшілілік жолдардың құрылысының толық, сапалы аяқталуын, көпшілік демалатын орындарды абаттандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

5. Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды одан әрі жандандыру;

6. Ауылдық округтің аумағында тұрып, медициналық пунктте жұмыс істеу үшін медицина кадрларын тарту.

7. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлер мен шаруашылық субъектілерін тұрақты түрде ақпараттандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға консультациялық қолдау көрсетуге ықпал ету.

8. Ауылдық округке инвесторларды тарта отырып, туризмді дамыту;

9. Шағын бизнесті дамытуға ықпал ететін және қамтамасыз ететін шешімдер қабылдау;

10. Биылғы жылы салынуы жоспарланған мектеп құрылысының сапалы жүруіне қоғамдастық мүшелерімен бірлесе жұмыс атқару;

11. Ауыл жастарына спорт үйірмелерін ауқымды етіп ашу;

12. Ауылдық округ тұрғындарының салауатты өмір салты мен мәдени демалысын қолдау.

13. Қоғамдық ұйым өкілдері, халықтың белсенді қолдауы мен сенімінің арқасында осы бағдарламаны табанды түрде іске асыруға дайынмын. Менің қызметімнің қалған бағыттары ауылдық округ тұрғындары менің алдыма қоятын, туындауы мүмкін мәселелер есебінен кеңейтілетін болады.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Шашубай кенті әкіміне үміткерлердің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламалары

Шашубай кенті әкіміне үміткер Татибеков Тимур Сейлханұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Татибеков Тимур Сейлханұлы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылында 1988 жылы 11 қаңтарда дүниеге келдім. 1995 жылы Нүркен Әбдіров атындағы орта мектепке бардым. Орта мектепті бітірген соң, 2006 жылы Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетіне оқуға түсіп, 2010 жылы «металлургия» мамандығын игердім.

Отбасылымын. 4 балам бар.

Еңбек жолым 2011-2012 жылдары Балқаш БМЗ зауытында 3 разрядтағы аппаратчик, 2013-2014 жылдары «Нүркен селолық округі әкімі аппараты» ММ-де маман, келісім шарт бойынша. 2014-2015 жылдары «Нүркен ауылдық әкімі аппараты» ММ-де бас маман міндетін атқарушысы, 22.04.2015 – қазіргі уақытқа дейін «Нүркен ауылдық әкімі аппараты» ММ-де бас маман.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті аюылдастар!

Егер сіздердің таңдауларыңызбен Шашубай кентіне әкім болсам, елге қызмет етуді басты мақсат етемін, атқарылған жұмысты жетілдіріп, кемшілікті түзетуде

жаңашылдық пен ізденісті істер атқару әкім аппаратының басты ұстанымы болады.

1. Бірінші кезекте тұрғындарға ең қажетті: су, тоқ, жол қатынасы мен байланыстың тұрақты болуы үшін тиісті мекемелермен іскерлік байланыста болып қамтамасыз етемін.

2. Ауыл – ел бесігі, ұлттың ұясы. Кентті сақтап, гүлдендіруді қоғамдық ұйымдар, ардагерлер, әйелдер және жастар ұйымы мен ауылдың тірегі мектеп ұжымымен келісе отырып, өзара пайдалы іс-әрекеттер мен ортақ игілікті шараларды бірге ұйымдастырамын.

3. Бізде үлкендерден мәңгілік мұра болған құндылықтар мен мүмкіндіктер мол. Ол туысқандай болған бірлік, сыйластық пен құрмет, оны сақтап, озығын заманауи түрлендіру парыз деп білемін. Ауылдастарды біріктіретін ортақ пайдалы іс, әркімге қызықты әрі қажетті білім, өнер, спорт болса, қажетті ғимараттар, аспаптар мен алаңдар жеткілікті, барды ұқсатып елдің игілігіне айналдыру.

4. Ең бастысы халықтың қауіпсіздігі: халықпен үнемі байланыста болу, уақытында медициналық көмек көрсету, табиғи апаттар мен індеттердің алдын алу, тұрғындарды дер кезінде хабардар етіп, қолда бар мүмкіндікті жұмылдыру.

5. Кент тұрғындарына берілетін несие көмек пен қолдау түрлерін көрсету, ақпараттық-насихат, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттің қызмет түрлерін сапалы, мәдениетті, жүйелі жүргізу.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Шашубай кенті әкіміне үміткер Мангишев Нариман Жанатұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Мен, Мангишев Нариман Жанатұлы, Балқаш қаласында дүниеге келдім.

Білімім – жоғары. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша, сондай-ақ, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті жылу энергетикасы мамандығы бойынша білім алдым.

Отбасылымын, екі балам бар.

Еңбек жолымды Балқаш қаласында жұмыскер болып бастадым. 2010–2017 жылдары Шашубай кентінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметін атқардым. 2017–2022 жылдары құрылыс саласындағы кәсіпорындарда директор лауазымында жұмыс істедім. Сонымен қатар Ақтоғай аудандық мәслихатының VI және VII шақырылымдарының депутаты болдым. Қазіргі уақытта Ақтоғай ауданы Шашубай кентінің әкімі қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын, екі балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

1. Жол-көлік инфрақұрылымы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту жұмыстарын жалғастыру

1.1. Ұзындығы 1,5 шақырым кентішілік жолдарға орташа жөндеу жүргізу арқылы, 100 % асфальт жабындысына қол жеткізу.

1.2. Тұрғындарды таза ауыз сумен және су бұру қызметтерімен тұрақты қамтамасыз ету:

– кенттің кәріз-сорғы станциясын күрделі жөндеу.

1.3. Жылу энергиясымен жабдықтау және өндіру саласын дамыту:

– 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымынан бастап өндірістік қуаты сағатына 10,5 Гкал болатын жаңа орталық қазандыққа іске қосу.

1.4. Электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету:

– кенттің электр желілерін "Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы" АҚ-ның сенімді басқаруына беру.

1.5. Коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорының материалдық-техникалық базасын нығайту және білікті кадрлар тапшылығын азайту.

1.6. Тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мақсатында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту, сондай-ақ оны басқару тиімділігін арттыру.

1.7. Табиғи ресурстарды, әсіресе суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру.

2. Құрылыс саласында

2.1. 2026 жылы Ж. Ақбергелінің көшесіндегі №7 көп қабатты тұрғын үйге жүргізілетін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын толық аяқтау.

2.2. Шашубай кентіндегі бос тұрған тұрғын үйлер бойынша жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу және оларды қалпына келтіру мақсатында инвестиция тарту.

2.3. 2027 жылы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау.

2.4. Құдық белгілейтін құжаттары бар, бірақ пайдалан

ылмай тұрған ғимараттарды қалпына келтіру немесе коммуналдық меншікке қайтару жұмыстарын жүргізу.

2.5. Құрылыс жұмыстары нәтижесінде кенттің сәулеттік-көркемдік келбетін жақсарту және заманауи архитектуралық үлгіге сай жаңғырту.

3. Кентті абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық жағдайын қамтамасыз ету

3.1. Ж.Ақбергелінің көшесіндегі №6 және №2 көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумақтарын абаттандыру.

3.2. Ж.Ақбергелінің көшесіндегі №49 және №51 тұрғын үйлер аумағындағы балалар ойын алаңын жөндеу.

3.3. «Жастар саябағын» кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізетін орталыққа айналдыру.

3.4. Кент көшелеріне жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар салу.

3.5. Айналма жол бойына және Нарманбет мөлтек ауданына жарық бағаналарын орнату.

3.6. Кенттегі жасыл желектерді суару жүйесінің және сорғы станциялары жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

3.7. Көгалдандыру жұмыстарын күшейтіп, кентті жасыл аймаққа айналдыру.

3.8. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру арқылы тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, тазалыққа деген жауапкершілігін арттыру және кент аумағында санитариялық тазалық деңгейін тұрақты қамтамасыз ету.

4. Халықты әлеуметтік қорғау саласында

4.1. Зейнеткерлердің, ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың, көпбалалы аналардың және аз қамтылған отбасылардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету.

4.2. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтар мен егде жастағы адамдар үшін қолайлы орта қалыптастыру.

4.2. Уәкілетті органдармен бірлесіп, азық-түлік және өндірістік тауарлар бағасын тұрақтандыруға бағытталған шараларды іске асыру.

5. Денсаулық сақтау саласында

5.1. Кенттің денсаулық сақтау саласындағы кадрлық мәселелерін шешуге ықпал ету.

5.2. Медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру.

5.3. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында отбасылық дәрігерлік амбулаторияның күндізгі стационар бөлімшесін қажетті медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

6. Білім беру жүйесі

6.1. Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға ықпал ету, сапалы білім беру арқылы білікті, саналы ұрпақ қалыптастыру.

6.2. Білім беру ұйымдарында заманауи білім беру технологияларын, оның ішінде жасанды интеллект пен робототехника бағыттарын дамытуға жағдай жасау;

6.3. Білім беру бөлімінің мектептерді жөндеу және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша қордаланған мәселелерін шешуге бағытталған қаржы бөлінуіне ықпал ету.

6.4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуына қолдау көрсету.

6.5. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6.6. Қосымша білім беру жүйесін дамыту арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

7. Мәдениет және спорт салаларын дамыту және қолдау

7.1. Тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында демалыстың заманауи, қызықты және қолжетімді түрлерін дамыту және насихаттау.

7.2. Үйірмелер мен секциялардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету арқылы балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуына жағдай жасау.

7.3. Мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту және заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

7.4. Халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында бұқаралық спортты дамыту, спорттық іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру.

7.5. Мәдениет және спорт саласы қызметкерлеріне қажетті қолдау көрсету арқылы кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

8. Жастар саясаты

8.1. Жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, еңбек нарығына тарту және түрлі жұмыспен қамту шаралары арқылы тұрақты жұмысқа орналастыруға ықпал ету.

8.2. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, оларға мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қайтарымсыз гранттар беру және жеңілдетілген тәртіппен, төмен пайыздық мөлшерлеменен несие алуына ықпал ету.

8.3. Отансүйгіш, ой-өрісі кең, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу мақсатында жүйелі жастар саясатын жүзеге асыру.

8.4. Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, еріктілік қозғалысын дамыту және әлеуметтік жобаларға тарту.

8.5. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және зиянды әдеттердің алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу.

9. Кәсіпкерлік, туризм, ауыл және балық шаруашылығы салаларын дамытуға жан-жақты қолдау көрсету

9.1. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлер мен шаруашылық субъектілерін тұрақты түрде ақпараттандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға консультациялық қолдау көрсетуге ықпал ету.

9.2. Шағын бизнес субъектілері ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлерді қолдау.

9.3. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында іскер азаматтардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау.

9.4. Кенттің туристік әлеуетін дамыту, жергілікті демалыс орындарына қолдау көрсету.

9.5. Заманауи инфрақұрылымды салуға, туризм саласына инвестиция тарту.

9.6. АМАНАТ партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл және балық шаруашылығы, сондай-ақ шағын бизнес үшін 2,5% жеңілдетілген несенің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал ету.

10. Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың негізгі кепілі

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, заңды құрметтеуге және оның сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдау, сондай-ақ қоғамдық тәртіп мәселелерін тиімді шешу.

11. Халықпен, жергілікті қауымдастықпен және қоғамдық кеңестермен тығыз байланыс орнатып, білік пен қоғам арасында тұрақты диалогты қамтамасыз ету арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бағыты.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді)

Кежек ауылдық округі әкіміне үміткерлердің өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламалары

**Кежек ауылдық округі әкіміне үміткер
Ахметов Ерлан Құрмашұлының
өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Мен, Ахметов Ерлан Құрмашұлы, 1974 жылы Қарабұлақ ауылдық округінде дүниеге келдім. Ұлттың қазақ. Нарманбет ауылдық округінде М.Ержанов атындағы орта мектепті аяқтаған соң 1996 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумы «мал дәрігері» мамандығы бойынша аяқтадым.



Еңбек жолымды 1996-2001 жылдары аралығында Қарабұлақ ауылдық округі «Рахым» шаруа қожалығында веттехник болып бастадым. 2001-2007 жылдары аралығында «Рахым» шаруа қожалығының төрағасы, Қарабұлақ ауылы. 2008-2017 жылдары НПС-9 күзетшісі, 2018-2019 жылдары Нарманбет орта мектебінде күзетші. 14.01.2019 – 13.05.2019 жылдары «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман міндетін атқарушы болды. 13.05.2019 жылдан қазіргі уақытта Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман болып қызмет атқарып келемін.

Сайлауалды бағдарламасы

Сайлаушылар – маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Кежек ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Заңда бекітілген тәртіп бойынша округ тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап – тілектерін жүзеге асыру;
- Бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалуды қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсарту;
- Ауылшаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтарының толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерді ауылшаруашылық жаңа техникалармен

қамтамасыз ету, әр шаруа қожалықтардың жаңа жобаларын енгізулерін бағыттау жұмыстарын ұйымдастыру;

- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
- Мақсатты түрде пайдаланбаған жер телімдерін дұрыс пайдалануға қосу жұмыстарын жүргізу;
- Өңірге инвестиция тарту жұмыстарын жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;
- Тұрғындарының ауыз суға қатысты мәселелерді шешуге ықпал ету;
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауда қолдау жасау;
- Өңірге мобильді байланыс, интернет жүйесін толық енгізуге күш салу;
- Оқушылардың сапалы білім алуы бойынша жұмыстарды жандандыру;
- Ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату;
- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауданға келген жас мамандардың әлеуметтік мәселелеріне көңіл бөлу. Оқу орындарын жақсы бітірген түлектерді туған ауылына қызмет етуі үшін оларды жұмысқа тартып, әлеуметтік және материалдық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіпкерлікке қолдау арасында құқық бұзушылықты болдырмау, бұзақылықтың алдын алу;
- Жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға мейілінше қолдау көрсету;
- «Жастар – біздің болашағымыз» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жастар арасында патриотизмді насихаттау, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу. Балалар мен жастардың спортпен шұғылданыуына жағдай туғызу және ұдайы қамқорлық жасау;
- Ауылды абаттандыру, тазалық мәселесіне көп көңіл аудару.
- Бос тұрған үйлерді, ғимараттарды коммуналдық балансына алуды толық аяқтап, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

**Кежек ауылдық округі әкіміне үміткер
Күмісбек Нұрбол Каукербекұлының
өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Күмісбек Нұрбол Каукербекұлы 2001 жылы 1 наурызда Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. 2007-2018 жылдар аралығында Ақтас ауылы Жақып Ақбай атындағы ЖОББМ оқыдым. 2018-2022 жылдары Қарағанды қаласындағы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің инженерлік экономика және менеджмент факультетінің Мемлекеттік және жергілікті жерді басқару мамандығы бойынша білім алдым. Мамандығым экономика және бизнес бакалавры.

Еңбек жолым 18.10.2022-29.11.2022 жылдары «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де жетекші маман міндетін атқарушысы болып бастаған. Қараменде би ауылы. 2022-2024 жылдары «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де жетекші маман. 27.12.2024 – қазіргі уақытта «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де бас маман болып қызмет атқарудамын.

Сайлауалды бағдарламасы

Сайлау нәтижесінде сенім білдірілген жағдайда, басты мақсатым – Кежек ауылдық округі тұрғындарының өмір сапасын арттыру және олардың өзекті мәселелерін тиімді шешу болады. Осы бағытта бар күш-жігерімді жұмсап, халықпен бірлесе жұмыс істеуді басты қағида деп білемін.

Алдымен, денсаулық сақтау саласында халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыруға, мемлекеттік медициналық көмектің қолжетімді болуына және салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға назар аударамын. Сонымен қатар, еңбек ардагерлеріне тұрақты түрде қолдау көрсетуді маңызды міндеттердің бірі деп санаймын.

Білім беру саласын дамыту да басты назарда болады. Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асырып, білім беру ұйымдарындағы білім сапасын арттыруға, оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауға ерекше көңіл бөлемін.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық-сауықтыру нысандарын ашу, оларды кәсіптік бағдарлау және қолдау шараларын іске асыру көзделеді.

Әлеуметтік салада зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету жалғасады. Азаматтардың құқықтарын қорғау, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Экономикалық бағытта шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсетіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге күш саламын. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасалады.

Инфрақұрылымды дамыту да басты міндеттердің бірі болады.

Ауылшілік жолдарды жөндеу, көше жарықтандыруды жақсарту. Сонымен бірге, елді мекенді абаттандыру, көгалдандыру және коммуналдық шығындарды оңтайландыру бағытында нақты шаралар қабылданады.

Рухани-мәдени бағытта ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу және қоғамның мәдени әлеуетін арттыруға ерекше мән беріледі. (Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

**Кежек ауылдық округі әкіміне үміткер
Кульшикенов Нариман Нурланұлының
өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**



Өмірбаян

Мен, Кульшикенов Нариман Нурланұлы 1982 жылдың 7 қазанында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауылында өмірге келдім.

1989 жылы К.Байсейітова атындағы орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1999 жылы Ә.Бөкейхан атындағы орта мектебін бітірдім. 2005-2007 жылдары Балқаш экономикалық құқық колледжінде экономист мамандығы бойынша сырттай білім алып, 2010-2013жылдары Д.Қонаев атындағы «Жол және құқық гуманитарлық университетінде» «экономист» мамандығы бойынша жоғарғы білім алдым. Еңбек жолымды 2008 жылы Халыққа қызмет көрсету орталығында курьер лауазымынан бастап, осы мекемеде әр түрлі қызметтер атқардым. 2017 жылы осы мекеменің бөлім басшысы, 2020 жылы тіркеу және жер кадастр бөлімінің басшысы, 2024 жылдан осы уақытқа дейін « Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ Ақтоғай аудандық біріккен бөлім басшысы болып қызмет атқарамын.

Отбасылымын, 4 балам бар.

Сайлауалды бағдарламасы

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

1. Жол және инфрақұрылым; ауылшілік көшелерді кезең-кезеңімен жөндеу Ақши ауылына дейінгі көтерме жолға су ағар жүйелерін орнатып, жолдың бұзылуын болдырмау. «Ақтоғай-Қарағанды» тас жолымен байланыстыратын жолды тұрақты тас-жол арқылы қалыпта жағдайда ұстау. Жарықтандыру, электр энергиясы және байланыс сапасын жақсарту;
2. Әлеуметтік даму; медициналық қызмет сапасын жақсартуға ықпал ету Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қолдау Ана мен баланы қорғау Ауылдың тазалығы, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу;
3. Білім және жастар: Мектеп – ата-ана – ауыл байланысын нығайту Жастарға арналған спорттық және мәдени шараларды дамыту Ауылға жаңа отбасыларды тарту;
4. Кәсіпкерлік және жұмыспен қамту: Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие мен грант алуға көмектесу Жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету Жастар тәжірибесі мен қайта даярлау бағдарламаларын тиімді пайдалану;
5. Ауыл шаруашылығы: Мал шаруашылығын дамыту Асылдандыру жұмыстарын қолдау Мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалану;
6. Жер қатынастары және құжаттандыру: Үй, жер, қора-жай құжаттарын заңдастыруға көмектесу. Құжат рәсімдеуде халыққа толық сүйемелдеу көрсету Бос тұрған үйлерді заң аясында иесіз деп тану жұмыстарын жүргізу. Жер мәселелері бойынша тұрақты кеңес беру;
7. Ашық әкімдік: Тұрғындармен тұрақты кездесу. Атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру. Халықкөтерген мәселелеріне жедел түрде жауап беру.

ҚОРЫТЫНДЫ: Менің мақсатым – Кежек ауылдық округін дамыған, қолайлы және болашағы бар ауылға айналдыру. Бірлік пен ортақ еңбек арқылы ғана нәтижеге жетеміз.

Сіздердің қолдауларыңызға сенемін!

(Материалдың жариялау ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі азаматтардың өмірінің барлық саласын қамтиды. Соның ішінде қорғаныс саласындағы қызметтер – ерекше маңызды ие бағыттардың бірі. Әскерге шақырту науқаны кезінде көптеген азаматтар өз құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде толық ақпаратқа ие бола бермейді. Осыған байланысты, жергілікті әскери басқару органдарының халыққа көрсететін мемлекеттік қызметтері туралы мәлімет беру қоғам үшін өзекті болып табылады.

Қазіргі таңда, ҚР Қорғаныс министрілігінің ұйымдастыру және жұмылдыру жұмыстары жөніндегі департаментінің жергілікті әскери басқару органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерінің 90%-ы электронды түрде көрсетілетін қызметтердің қатарына кірді.

Жергілікті әскери басқару органдарының көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірі «Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді кезекке қою» денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндетті және 24 жастан - 27 жасқа дейінгі, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушыларға көрсетіледі.

Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау бойынша көрсетілетін қызметтің құны – 390 000 теңгені құрайды.

Оқу кезеңіне кіретін демалыс және мереке күні санын ескеріп, күнтізбелік 40 күннен 46 күнге дейін белгіленеді.

Көрсетілетін қызмет алушы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтінішке ҚР ҚМ 2017 жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрықтың №3-қосымшаға сәйкес медициналық куәландыру картасының электрондық көшірмесін тіркей отырып жүгінеді.

Жергілікті әскери басқару органы түскен өтінішті қарау барысында қызмет алушының әскери есеп туралы мәліметін, жарамдылық санатын және жасын тексере отырып мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою туралы хабарлама қызмет алушының «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетіне хабарлама түседі.

Кезекті оқыту күні басталғанға дейін 12 жұмыс күн бұрын қызмет алушыға ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне және «электрондық үкімет» порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқу үшін ақы төлеу қажеттілігі туралы хабар-

лама келіп түседі.

Қызмет алушы хабарлама алғаннан кейін «электрондық үкімет» порталындағы жеке кабинетінде келген сілтеме арқылы кіріп, екінші деңгейдегі банктер арқылы оқудың төлем ақысын үйден шықпай 2 жұмыс күні ішінде төлем жасай алады.

Қызмет алушының оқуға ақы төленгені расталғанда, қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу туралы хабарлама келіп түседі. Хабарламада оқу орнына келу уақыты, қай мекен-жайда орналасқан және өзіңізбен бірге жеке заттар, гигиена құралдары болуға тиіс екендігі көрсетіледі.

Оқу кезеңінде әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер далалық киім-кешекпен (маусым бойынша) қамтамасыз етіледі, үш мезгіл тамақтану және монша-кір жуу қызметі көрсетіліп, тәулік бойы әскери казармада тұрады, ол әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау құнына кіреді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінде қатардағы жауынгер мен сержант құрамының әскери билеті және оқу бітіргені туралы сертификат беріледі.

Электрондық форматта қызмет алу мүмкіндігі кезек күтуді және қағазбастылықты азайтып, ашықтықты және рәсімдердің айқындығын қамтамасыз етеді.

Аталмыш мемлекеттік қызмет жастардың оқуын жалғастыруына, отбасылық жағдайын реттеуіне немесе денсаулығын қалпына келтіруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар цифрлық форматта көрсетілуі арқылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырады.

Құрметті қызмет алушы, егер Сіз мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжаттар талап ету, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу, негізсіз бас тарту немесе тағы басқа заң бұзушылықтарға жол берілгеніне куә болсаңыз, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментке келесі мекенжай бойынша жүгіну арқылы бұзылған құқықтарыңызды қалпына келтіре аласыз.

Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39.

Байланыс телефондары: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83.

Н.Мухадос,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

Еске алу



Өмірдің өткіншілігін тағы бір ұқтырған қырық күн де сырғып өте шықты...

Асылдың сынығы, тектінің тұяғы болған қимас досымыз **Берік Кәрігүлұлы Байтөкешевті** сағынышпен еске аламыз. Зымыраған уақыттың өзі де жүрек жарасын жеңілдетсе алар емес.

Берік Кәрігүлұлы Байтөкешов 1962 жылы қаңтар айында Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Саналы ғұмырын техникалық және кәсіптік білім беру саласына арнаған ардақты ұстаз, білікті маман еді. Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумын қызыл дипломмен тәмамдап, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік» мамандығы бойынша оқып бітірген. Еңбек жолын 1988 жылы Жезқазған облысы, Қарсақпай кентіндегі №13 кәсіптік-техникалық училищесінде өндірістік оқу шебері болып бастаған. 1990 жылдан бастап Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінде ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарды. Ол арнаулы пәндер оқытушысы, аға шебер, жоғары санатты өндірістік оқыту шебері ретінде талай шәкірт тәрбиеледі. Берік Кәрігүлұлы тәрбиелеген шәкірттер түрлі деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, ұстаз еңбегінің жемісін көрсетті. Өндірістік оқу шеберлері арасында өткен облыстық кәсіптік шеберлік байқауының лауреаты атанған. Ол тек білікті ұстаз ғана емес, ауданның қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласқан жан еді. «Ақтоғай ардагерлері» ансамблінің мүшесі ретінде ел ішінде өнерімен де танылды. Кәсіптік білім беру саласындағы шығармашылық еңбектері үшін салалық мекемелердің грамоталарымен марапатталған. Қимас, сыйлас досымыздың жарқын бейнесі, адамгершілігі мол қасиеттері, шәкірттеріне деген қамқорлығы, қарапайымдылығы және еңбекқорлығы әріптестері мен жақындарының жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның жарқын бейнесі, жасаған игі істері мен шәкірттеріне қалдырған өнегесі ұмытылмайды. Аяулы досымызға деген жүрекке сыймас сағыныш пен қимастық мұңды өлең жолдарына айналдырып, жан сырымызды жырға қосамыз:

Берік досымызға арнау

Көз тиді ме, сөз тиді ме, білмедім,
Көз алдымда жарқылдап бір күлгенің.
Суық хабар естігенде, досым-ау,
Ауыр ойдан арыла алмай жүргенім.
Ешкімнің жоқ, білем, бірақ таласы,
Тағдырлардың болып тұрар аласы.
Жүректерге жара болып қадалған,
Еңсиретіп кетті достың қазасы.
Азамат ең, тарқамаған базары,
Түсті Алланың жақсы адамға назары.
Жылы жүрек, иман жүзді Берігім,
Естігенде күңірентіп қазанды.
Ұл-қызының болған әке данасы,
Сендей болсын отбасының панасы.
Ойда жоқта жан-жарынан айырылған,
Бибіміздің болмай жүр-ау шарасы.
Берік досым, жарқыраған биік ең,
Бұл өмірді шын жүрекпен сүйіп ең.
Ауру болып жатсаң егер, амал жоқ,
Сап-сау болып кеткеніңе күйінем.
Қайталанбас тұлға едің, дарынды,
Жүрген жерің думанды еді, жалынды.
Түсінетін әркезде де жаныңды,
Дархан едің, бөліп берер барынды.
Жабыққанда жүректерді мұң басты,
Сағынышпен сыныптастар жыр жазды.
Ешқашан да ұмытпаймыз бәріміз
Дәл өзіндей ақпейілді құрдасты.

Еске алушылар: достары.

Хабарландыру

2026 жылғы 23 маусымда сағат 11:00-де «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында орналасқан Боздала кен орнында қаптамалы габбро өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары» үшін қоршаған ортаны қорғау бөліміне (ҚОК) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз.

Учаскенің географиялық координаттары: 47° 08' 48,0» с.е. және 75° 11' 22» ш.б. Өтетін орны: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ а.о., Нарманбет Мәдениет үйі ауылы, Сан-би к-сі, 7. Тапсырыс беруші: «SAMUR GROUP» ЖШС, БСН 250540035883, юр. мекен-жайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сейфуллин даңғылы, 574/1 Үй, н.т. 205. «Мурзина» ЖК жобасын әзірлеуші, мекенжайы: Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 13-үй, 1-кеңсе, Байланыс тел.+7 701 726 70 56. ал.пошта: murzina.60@mail.ru. Zoom платформасындағы бейнеконференциялар: <https://us04web.zoom.us/j/2087481226?pwd=JZyv9DvVbF0Lsqj8V3Vib7I57brCTa.1&omn=74181798432>. Конференция идентификаторы: 208 748 1226, кіру коды: 123456. Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтемелер: <https://ndbecology.gov.kz> немесе <https://beta.egov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>. Жоба бойынша ОВӨЕ материалдары дайын және сараптамадан өткен. Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20 немесе электрондық пошта арқылы: expertiza.upr_krg@mail.ru. Қоғамдық тыңдаулар 5 жұмыс күні ішінде өткізілуі мүмкін. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жолдануы тиіс.

Объявление

Сообщаем, что 23 июня 2026 года в 11:00 ч. состоятся общественные слушания в форме открытого собрания на Раздел охраны окружающей среды (ООС) для «Плана горных работ на добычу облицовочного габбро на месторождении Боздала, расположенном в Ақтоғайском районе, Карагандинской области».

Географические координаты участка: 47° 08' 48,0"СШ и 75° 11' 22"ВД. Место проведения: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Карабулакский с.о., аул Нарманбет Мәдениет үйі (Дом культуры) ул. Сана би 7. Заказчик: ТОО «SAMUR GROUP», БИН 250540035883, юр. адрес г. Алматы, Бостандықский район, Проспект Сейфуллина, дом 574/1, н.п. 205. Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г. Шымкент, ул. Калдаякова, д.13, оф.1, конт. тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru. Видеоконференция на платформе Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/2087481226?pwd=JZyv9DvVbF0Lsqj8V3Vib7I57brCTa.1&omn=74181798432>. Идентификатор конференции: 208 748 1226, Код доступа: 123456. Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.kz> или сайт МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>. Экспертный и готовый для распространения ОВВ к проекту. Замечания и предложения принимаются по адресу: Республика Казахстан, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20 или на электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru Слушание может проходить в течении 5 последовательных дней. Все замечания и предложения направляются в срок не позднее 3 рабочих дней до проведения общественных слушаний.

Құттықтаймыз!



Құрметті көршілеріміз **Еңсебаев Олжабай Байызулы** мен **Шәженова Алма Шәженқызын** мерейлі 70 жас мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздер – әулетке сыйлы, ағайынға қадірлі, көршіге қамқор, өмірдің талай белесін абыроймен бағындырған жандарсыздар. Ұзақ жылдар бойы еңбек пен бірліктің, сыйластық пен татулықтың өнегесін көрсетіп келесіздер. Шаңырақтарыңыздан шаттық кетпей, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығына бөленіп, әрдайым дендеріңіз сау, көңілдеріңіз көтеріңкі болсын! Жастарыңыз ұзақ, мерейлеріңіз үстем болып, ел ішінде абырой-беделдеріңіз арта берсін!

Өмір жолы өнегелі, дара тұлға,
Сый-құрметке бөленіңіз әр ауылда.
Ұрпақтарың қызығына кенеліп сіз,
Жүзге жетіп отырыңыз аман бірге!

Ізгі тілекпен: көршілері – Бикен, Мнифа, Райхан, Асан, Өміртай, Кәкен, Қымбат, Маржан, Сүйіндік, Дәулет, Ерлік, Еркебұлан Р., Жанболат, Еркебұлан Б., Қуаныш, Есхат, Бекайдар.

Қадірлі құрдасымыз
Қадір Сапарұлы!

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – ел ағасы атанып, ақыл-парасаты толысқан, өмірдің мәнін терең түсінген кемел шақ. Әрдайым ортамыздың сыйлысы болып, ақжарқын мінезіңізбен, азаматтық болмысыңызбен көпке үлгі болып жүре беріңіз. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, еңбегіңізге абырой, шаңырағыңызға бақ-береке тілейміз. Құрдастар ортасында қадіріңіз артып, мерейіңіз әрдайым үстем болсын!

Достық сыйлап жүрген жансың ортаға,
Құрметің бар ағайын мен бариада.
Мерейің өсіп, бағың жансын әрдайым,
Қуаныш көп болсын өмір жолыңда!

Ізгі тілекпен: Аманкелді-Балғын, Гүлнар, Әсет-Гүлмира, Жасан-Гүлжан, Еркеш-Раушан.



Құрметті Жасұлан-Бақыт!

Сіздерді мерейлі 50 жасқа толған алтын жастарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Әулетіміз жарасып, ағайынның береке-бірлігін арттырып жүрген сыйлы жандар ретінде әрдайым амандық пен абырой биігінен көріне беріңіздер. Шаңырақтарыңыз шаттыққа, дастархандарыңыз берекеге толып, бала-шағаның қызығын көріп, немере сүйіп, ұзақ ғұмыр кешіңіздер!

Елу жас — ел ағасы болар шақ қой,
Бақ-дәулет пен шаттық қонар бақтай.
Құдалықтың қадірін асқақтатып,
Жүре беріңіз әркез абырой асқақтай.

Ізгі тілекпен: құда-құдағиларыңыз – Бекет - Қапиза, Сербол-Эльвира, Мадияр, Санжар, Заңғар.

Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз
Жасұлан Мұратбекұлы!

Сізді мерейлі 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Елу жас – ел ағасы атанған, ақыл мен парасаттың, тәжірибе мен кемелдіктің тоғысқан шағы. Осы жылдар ішінде Сіз өз ісіңізге адалдық танытып, ел мүддесі жолында абыройлы еңбек етіп келесіз. Әріптестер арасында сыйлы, көпшілікке қадірлі азамат ретінде ауданымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, ел сеніміне ие болып жүрсіз. Сіздің іскерлігіңіз, жауапкершілігіңіз, азаматтық ұстанымыңыз бен адамгершілік қасиеттеріңіз айналаңызға әрдайым үлгі. Ұжым ортасында сыйластық пен татулықты нығайтып, парасатпайымыңызбен көпке жол көрсетіп келесіз. Осынау мерейлі белесте Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке, еңбегіңізге толайым табыс тілейміз. Әрдайым абырой биігінен көрініп, ел құрметіне бөлене беріңіз.

Елу жас – ердің жасы, кемел шақ,
Биігіңіз асқақтай берсін даралап.
Еңбегіңіз еліңізге үлгі болып,
Жүріңіз әркез абыроймен бағаланып.

Ізгі тілекпен, аудандық мәслихат депутаттары және аудандық мәслихат ұжымы.



Құрметті әріптесіміз
Бақыт Аманжолқызы!

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз саналы ғұмырыңызды халық денсаулығын сақтау саласына арнап, ұзақ жылдар бойы жауапты қызметті абыроймен атқарып келе жатқан білікті маман, тәжірибелі әріптес, ұжымның сыйлы адамысыз.

Еңбек жолыңыздағы табандылық пен кәсібилік, өз ісіңізге деген адалдық пен жауапкершілік – көпшілікке үлгі. Қай уақытта да қызметіңізге ұқыптылықпен қарап, әр істің тиянақты орындалуына мән беріп келесіз.

Сіздің бойыңыздағы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін парасаттылық қасиетіңіз, адамгершілік пен қарапайым болмысыңыз әріптестеріңіздің ерекше ықыласына бөлендіріп келеді. Ұжым арасында сыйлы болып, әрдайым ақыл-парасатыңызбен, сабырлы мінезіңізбен, іскерлігіңізбен көпке өнеге болып жүрсіз.

Осы мерейлі белесте Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт пен береке тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз. Шаңырағыңыз шаттыққа толып, қуанышыңыз еселене берсін!

Құрметпен: “Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы” РММ ұжымы, Ұлттық сараптама орталығы Қарағанды облысы бойынша филиалының Ақтоғай аудандық бөлімшесі.



Құрметті Жасұлан-Бақыт!

Сендерді мерейлі 50 жасқа толған алтын белестеріңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасы деген ұлы ұжымның ұйытқысы болып, ағайын-туысқа сыйлы, айналасына шуақ шашып жүрген өнегелі жан ретінде әрдайым құрмет биігінен көріне беріңдер. Екеуіңнің бір-біріңе деген сыйластығың мен татулығың-кейінгі ұрпаққа үлгі. Шаңырақтарыңнан шаттық кетпесін, дендеріңе саулық, жүректеріңе қуаныш, дастархандарыңа береке тілейміз. Немере қызығын көріп, балалардың ортасында мерейлерің арта берсін! Ардақты анаға сүйеу, туған-туысқа тірек болып, әрдайым аман-есен, жүздерің жарқын жүре беріңдер!

Ізгі тілекпен: анасы – Торғай, Мейрам-Жанна, Дулат-Гүлнар, Ербол отбастары.

Құттықтаймыз!



Құрметті Жасұлан-Бақыт!

Сіздерді мерейлі 50 жасқа толған айтулы белестеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – ел ағасы атанып, ұрпақ өсіріп, әулетке тірек болған кемел шақ. Сіздер осы жасқа абыроймен жетіп, ағайын-туысқа сыйлы, туған-туысқа қамқор, қара шаңырақтың қасиетін биік ұстап келе жатқан жандарсыздар.

Жасұлан, сіз – бауырларыңыздың панасы, әулеттің айбыны мен ақылшысы болып жүрген азаматсыз. Қара шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, туған-туысқа әрдайым тілеулес болып келе жатқан кең жүрегіңізге бәріміз ризамыз. Бақыт, сіз – отбасының берекесін келтіріп, мейірім мен жылылық сыйлап жүрген асыл жансыз. Ынтымағы жарасқан шаңырақтарыңыздан қуаныш пен шаттық арылмасын!

Алла дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, балаларыңызға қызық, немере мен шөбере сүйер қуаныш нәсіп етсін! Әрдайым ел алдында абыройларыңыз асқақтап, мерейлеріңіз үстем бола берсін!

Елу жас – еңсе биік белестерің,
Ардақтап келеді ел мен өскен жерің.

Қара шаңырақ болып қадірленіп,
Бауырға қорған болған асқақ ерің.

Шаңырақ шаттық толсын әрбір таңда,
Қуаныш тарқамасын жүрген жанға.

Балалар қызығымен бақыт кешіп,
Жүріңдер абыройлы алтын таңда!

Ізгі тілекпен: анасы – Қарлығаш, Айтжамал, Жайнагүл, балалары – Сержан-Келбет, Нұржан, Айбол, Қаракөз, Әлихан, Нұрасыл, Дінмұхаммед.



Құрметті құда-құдағиларымыз **Жасұлан және Бақыт!**

Сіздерді мерейлі 50 жасқа толған алтын белестеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – өмірдің кемеліне келіп, ақыл мен парасат толысқан, еңбектің жемісі мен отбасы бақытының қадірі артқан ерекше кезең. Осы мерейлі шақта Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілейміз.

Бір-біріңізге деген сыйластықтарыңыз бен татулықтарыңыз кейінгі ұрпаққа үлгі болып келеді. Балаларыңыздың қызығын көріп, немере-жасөспірімдерің ортасында қуанышқа бөленіп, әулеттеріңіздің абыройын асқақтата беріңіздер. Дастархандарыңыз әрдайым берекеге толып, қуаныштарыңыз еселене берсін. Қай кезде де елге сыйлы, ағайынға қадірлі, жүздеріңізден шуақ кетпесін!

Елу жас – ел ағасы жасына жеткен шақ,
Парасат пен пайымыз толған асқақ бақ.
Қос жүректің бірлігі баянды боп әркез,
Бақыт құсы самғасын шаңырақта шарқ ұрып-ақ.

Құдалықтың қадірін биік ұстап жүресіз,
Ақ көңілмен айналаға шуақ нұрын себесіз.

Ұрпақ қызығын көріп, ұзақ ғұмыр сүріңіз,
Қуаныш пен берекеге әрдайым кенеліңіз!

Ізгі тілекпен: құда-құдағиларыңыз – Сағадат-Күлән, Айдос-Құралай, Абылай-Айгерім, Әлихан-Назерке және жасөспірімдері.

Хабарландыру

Құрметті оқырман!

Газетіміздің келесі №21 (8050) саны 15 мамыр 2026 жылы жарық көреді.

Құрылтайшысы: «Aqtogai ajary»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: Нұрдәулет Акторғай.

Меншік иесі: «Aqtogai ajary»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу күәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87085474303

Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.